# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 41 (1044)

15.10.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti


ЭКОНОМИКА

# ЕЛГЕ – ЫРЗЫҚ, ЖЕРГЕ – КӨРІК БЕРГЕН ҚЫЗЫЛША

**ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ СОНАУ КЕҢЕС ӨКІМЕТІ КЕЗІНЕН БЕРГІ ЕРЕКШЕ МӘН БЕРІП КЕЛЕТІН ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫҢ БІРІ. БІР КЕЗДЕРІ БҮКІЛ ОДАҚҚА ҚАНТ ТАРАТҚАН АҚСУ ҚАНТ ЗАУЫТЫ ЖАБЫЛЫП, ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ АРНАЙЫ ҚОЗҒАУЫМЕН 2017 ЖЫЛДЫҢ КӨКТЕМІНДЕ ҚАЙТА ІСКЕ ҚОСЫЛЫП, ӨНІМ ҚАБЫЛДАУДЫ БАСТАДЫ.**

Өңір басшысы Амандық Баталов – қант қызылшасы өндірісін жандандыру Мемлекет басшысының Алматы облысының алдына қойған үлкен міндеттерінің бірі екенін әрдайым айтып келеді. Осы тапсырма аясында қант қызылшасының көлемін арттыру да жолға қойылды. Бұл орайда мемлекет тарапынан едәуір қолдаулар көрсетіліп, алқаптарды ұлғайту мен қант қызылшасының өнімділігін арттыруға қажетті жағдайлар жасалуда.

Ал, Ақсу қант зауытының ашылуын Тәуелсіздік жылдарындағы қант қызылшасы шаруашылығының қайта оралуы және жаңа бір даму кезеңі десек болатын шығар. Бұрынғыдай емес, қазіргі таңда зауытта жаңа да айшықты түрге енген. Бір кездері тозығы жетіп, күл-қоқысы араласып, жүдеп тұрған зауыт ғимаратын көргендер оның бүгінгі жаңарған, жаңаланған қалпымен бетпе-бет келгенде таңырқап қалатыны анық. Біз де сондай көңіл-күйді сезіндік. Реттелген зауыт ауласы мен тәтті түбір жинайтын аумақтағы қатар-қатар тізілген техникалар көңіл сүйсіндірді.

Ақсу қант зауытының қызылша қабылдау пунктінде биыл да жұмыстың қызу жүріп жатқаны байқалады. Мұнда Ақсу, Ескелді, Сарқан аудандары мен Қапшағай қаласынан жаңа түсімді тәтті түбірі бар көліктер келуде. Яғни, қазан айынан алғашқы қант қызылшасын қабылдау басталды. Тәулігіне 40-50 жүк көлігі кезек-кезегімен кіреді. Кәсіпорын аумағына енген ауыр жүк көліктері таразыдан өлшеуден өткен соң өнімдер жиналатын алаңшаға барады.

Жаңарған зауыттың тынысымен танысуда зауыттың бас инженері Бейбіт Немеребаев және техникалық директор Жандос Баймұханбетов соңғы бірнеше жылда орасан зор жұмыстың нәтижесін көргендерін тілге тиек етті. Айтуларынша, бүгінде зауыттың барлық өндірістік желілері автоматтандырылған, желілерді басқару орталық аппарат арқылы жүргізіледі.


Жалғасы 4-5-беттерде.


## АҢДАТПА


БРИФИНГ 5-бет

КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯМЕН СЫРҚАТТАНУ ТӨМЕНДЕП КЕЛЕДІ

ЕСКЕ АЛУ 7-бет

ОТЫЗ ҮШ ЖЫЛ КІТАПХАНАНЫ БАСҚАРҒАН
Нағима НҰРҚАЛБАЕВА туралы бір үзік сыр

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! 8-бет

САҒЫНЫШ АҚЫН
«Ер Төстік» әдеби байқауының жеңімпазы атанды

ОБРАЗОВАНИЕ 14 стр.

ДЕПУТАТ ОБЕСПОКОЕНА НОВЫМИ ПРАВИЛАМИ В ШКОЛАХ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АССАМБЛЕЯ АЯСЫНДА

# «ШАҢЫРАҚ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

**Талдықорған қаласындағы Достық үйінде жылдағы дәстүр бойынша «Шаңырақ» шығармашылық байқауының қортындысы жарияланып, жеңімпаздар анықталды.**

Ұйымдастырушылар сөзінше, байқауға 15 қаңтар мен 10 қазан аралығында мемлекеттік және орыс тілінде жазылып, түрлі ақпарат құралында жарияланған, телеарналардың эфирінде көрсетілген, интернет-ресурстарда жарық көрген баспасөз материалдары және теле-радио бағдарламалары түрінде 21 жұмыс келіп түскен. Білікті журналистерден құралған қазылар алқасы келген мақалаларды сарапқа салып, тиісті бағасын берді.

Әділқазылар алқасының мүшесі, облыстық «Jetisy» газеті бас редакторының орынбасары Нүсіпбай Әбдірахымның айтуынша, әділқазылар алқасы материалдарды жан-жақты сараптап, оның байқау шарты мен таңдаған номинацияның талабына сәйкес келетіндерін іріктеген. Бұл ретте ол байқуға түскен матреиалдардың бәрі бірдей талапқа сай келмейді яки бәрі бірдей керемет деп те айтуға болмайтынын, тіпті кейбірінің байқауға сай емес, есеп үшін жазылған дүниелерін жолдай салғанын айтып, кейіс танытты. *«Мақсаты айтып тұрғандай, қоғамдық келісім, ұлттар арасындағы татулық, этнос арасындағы береке-бірлікті нығайтуға арналған байқауға қойылатын талап та жеңіл болмайды. Сондықтан бұл конкурсқа қосатын материалдар да мазмұн-мағынасы сай болып, жұтынып тұруы керек»,* – деген Нүсіпбай Додабайұлы бастысы әрбір үміткердің материалы әділ бағасын алды деді.

Сонымен, биылғы облыстық байқаудың бас жүлдесін облыстық «Огни Алатау» газеті бас редакторының орынбасары Забира Сайдильдина иеленіп, Алғыс хат пен қомақты заттай сыйлыққа ие болды. Қалған тоғыз журналист те өздеріне тиесілі орындарды қанжығасына байлап, сый-сыяпатқа бөленді.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**

МАМАН МІНБЕРІ

# ЖОЛДА АБАЙ БОЛАЙЫҚ!

**Көшеде жүйткіп жүрген көлік нөпірі көбейген сайын апаттың орын алуы қалыпты көрініс. Сондықтан жол көлік оқиғалары да толассыз тіркеліп жатады.**

Жол апаттары кейде техникалық ақауға байланысты немесе жол сапасының төмендігінен туындап жатады. Кейде белгіленбеген жерден жолды кесіп өтпек болған жүргіншілер де келеңсіз оқиға тудыратыны жасырын емес. Оқыс оқиғалар абайсызда болса, түсіністік танытуға болар. Ал апатты қолдан жасайтындар туралы әңгіме басқа. Мәселен мас күйінде, наша мен психотропты заттарды қолданып рөлге отыру қылмыстың ең үлкені. Өйткені спиртті ішімдік тұтынған, наша қолданып, психотропты заттарға елтіген адамдардың көлік басқармақ түгілі, өз-өзіне есеп бере алмайтыны ақиқат. Мас жүргізуші қашанда айналасына қатер.

Барлық дерлік жол-көлік оқиғаларында негізгі орында жүргізушінің әрекеті немесе әрекетсіздігі байқалады. Сондықтан жүргізушінің жол-көлік оқиғасы кезіндегі ролін баса көрсетуді жөн санап отырмыз. Көлік құралын басқаратын кінәлі тұлғаның кез-келген апаты жағдайында оның белгілі бір апатты оқиға сәтіндегі психологиялық-жай-күйі әсер етеді. Деректерге сүйенетін болсақ, жол көлік оқиғалары жүргізушінің белгіленген жылдамдықты шамадан тыс арттыру, мас күйінде көлікті басқару, басып озу ережесін бұзып қарама-қарсы жолға шығып кету, жол қиылысы ережесін сақтамай жол кезегін бұзу; ақауы бар көлікті басқару, ара-қашықтықты сақтамау, реттеу дабылына бағынбау; жол жүрісі белгілеріне бағынбау, адамдарды тасымалдау ережесін бұзу; жаяу жүргіншілер ережесін бұзу секілді тағы да басқа жағдайларда орын алады. Тағы бір өкiнiштiсi, жаяу жүргіншілердің арнайы жолақпен белгіленген жолдан өтпей, күре жолдың кез келген жерінен қиып өтуі де ЖКО-ның жиіліп кетуіне себеп болады.

Сондықтан әрқайсымыз көлікті басқарып жолға шыққанда, жолды жаяу жүріп кесіп өткенде қарапайым ережелерді қаперімізде ұстап, соларды бұзуға жол бермесей, әрқашан абай болсақ жол көлік оқиғалары да орын алмай, адамдар да қайғылы қазаға ұшырап жатпайтынын назарда ұстағанымыз абзал.

**Айгүл КӘЛПЕБАЕВА,**
**Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы.**

# ЗАҢДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ФАКТІЛЕРДІ АНЫҚТАУ

**Азаматтардың арасында өздерінің зейнет демалысына шығатын кездерінде әр түрлі ұйымдарда еңбек етуіне байланысты сол ұйымдардың тарап немесе меншік түрі ауысып кетуіне байланысты заңдық маңызы бар фактілерді растайтын тиісті құжаттарын ала алмай, түрлі ұйымдарға бас сұғып, әуре-сарсаңға түсетін жайлар кездесіп жататыны құпия емес.**

Осындай тығырыққа тірелген сәтте азаматтардың туындаған осы мәселесін сот арқылы шешуіне болатын да кей адамдар біле бермейді де ары бері сандалып, амалы таусылған соң қолдарын бір сілтеп, өздерінің табан ақы маңдай терін төгіп, еңбегі сіңген өтілдерінен айырылып қалып жатады. Сондықтан заңдық маңызы бар фактіні анықтау үшін сотқа жүгініп, азаматтық іс тәртібімен қарау арқылы заңдық фактілерді анықтауға болатыны жайлы оқырмандардың назарына ұсына кеткенді жөн көрдік.

Атап айтқанда, заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер басқа тұлғалардың мүдделерін қорғау үшін заң бойынша сотқа жүгінуге құқығы бар азаматтардың, ұйымдардың, сондай-ақ өзге де адамдардың арыздары бойынша қозғалады. Арызданушы заңдық маңызы бар бірнеше фактілерді анықтау туралы арыз берсе, онда соттар осы талаптарды бір өндірісте қарауға құқылы. Мұндай фактілер заңға сәйкес заңдық маңызы бар жағдайларды тудырса, фактіні куәландыратын тиісті құжаттарды алуға немесе оларды қалпына келтіретін арызданушының басқа мүмкіндігі болмаса,қолданыстағы заңнамамен оларды анықтаудың өзге мүмкіндігі көзделмесе, фактіні анықтау соттың ведомстволығына жататын құқық туралы дауды кейін шешуге байланысты болмаса, қабылдап, ондай істерді ерекше өндіріс тәртібімен қарай алады. Арызды қабылдау кезінде сот арызданушыдан ол фактіні анықтаудың оның қандай заңдылық мүддесін қорғайтындығын айқындап, арызданушыдан фактіні куәландыратын тиісті құжатты алудың немесе оны қалпына келтірудің мүмкін еместігін растайтын жазбаша дәлелдемелерді талап етуі қажет.

Қажетті құжаттың жоғалып немесе жойылып кетуі салдарынан тиісті тұлғаның оның телнұсқасын беруге мүмкіндігінің болмауын жоғалған құжатты қалпына келтіру мүмкін емес деп түсіну қажет. Соттар дауды сотқа дейінгі шешу тәртібін заңдық фактіні соттан тыс анықтау тәртібінен ажыратулары тиіс. Егер судья істі сот талқылауына дайындауға әрекеттер жасаған немесе істі мәні бойынша қараған кезде соттың ведомстволығындағы құқық туралы дау бар екенін анықтаса, онда ол АПК-нің 279-бабы 13) тармақшасының негізінде арызды қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығаруға және арыз беруші мен басқа да мүдделі тұлғаларға талап қою ісін жүргізу тәртібімен сотқа жүгіну құқығын түсіндіруге міндетті.

Жоғарыда тілге тиек етіп отырған мәселе төңірегінде қысқаша ғана сипаттама бердік. Егер өздеріңіз осындай тәртіппен сотқа жүгінгілеріңіз келсе, заңгерлер арқылы толық мағлұмат алуларыңызға болатынын да естен шығармағандарыңыз абзал.

**Абдулла ДОСАНОВ,**
**Алакөл аудандық сотының судьясы.**

КҮРЕТАМЫР

# ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

**Қазақ тілі – ұлтымыздың болашағы. Ана тіліміздің мерейі үстем, келешегі кемел болуы үшін жас та, жасамыс та жан аямай тер төгіп, қызмет етуі тиіс.**

Ғасырлар бойы ата-бабамыз азаттықты, егемендікті, тәуелсіздікті аңсады. Бостандықтың ақ таңы атып Тәуелсіз мемлекет атандық. Биыл қаз-қаз басқан тәуелсіз мемлекетіміздің құрылғанына 30 жыл. Ұлттық құндылықты ұлықтап, алпауыт мемлекеттермен тереземіз теңеліп, керегеміз кеңи түскені бәріміздің үлкен жеңісіміз бен жетістігіміз екені анық. Осы жетістіктің бәріне біз қазақ тілінің арқасында қол жеткіздік. Сондықтан «Ұлттың сақталуына да, жоғауына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы тіл», – деген Ахмет Байтұрсыновтың қасиетті қағидасын ұмытпағанымыз жөн.

Қазақ тілі – өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы. Асқар таудай әкенің қанымен, аяулы ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілді шұбарламай, қорламай сөйлеуге міндеттіміз. Қазақ тілі жойылса қазақ деген текті халық та жойылады. Ал халық жойылды дегеніңіз ол үлкен қасірет. Сол үшін ұлтпен мәңгі жасайтын қазақ тілінің болашағына сіз де, біз де немқұрайлылық танытпауымыз керек. Өмірге шыр етіп келген сәбидің ең бірінші анасы қазақша сөйлеп, ұлттық құндылықпен перзентін тәрбиелейтін болса ол міндетті түрде қазаққа қызмет ететін, қазақтың жоғын түгендеп, барының қадірін асыратын ұрпақ болатыны дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Қазіргі таңда бізге дәл осындай ұрпақ ауадай қажет.

Жас ұрпақтың бойына ұлттық патриотизмді қалыптастырып, ұлтқа қызмет етуге, елінің қамын ойлауға тәрбиелеу ұстазға артылған зор жауапкершілік. Біз осы жолда еңбек етіп келеміз. Олай болса, бұл ұлы істің жақсы нәтиже беруіне қоғам болып атсалысайық.

**Салтанат ЖАЛИМБЕКОВА,**
**«Б. Сырттанұлы атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**АҚСУ АУДАНЫ**

ӘДЕБИ ШАРА

# КІТАП – ӨМІР АЗЫҒЫ

**«2021 ЖЫЛ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ КІТАП ОҚУЫН ҚОЛДАУ ЖЫЛЫ» АЯСЫНДА ҚАЛАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫНДА АҚЫН, БАЛАЛАР ЖАЗУШЫСЫ АЙМАН КӘРІПБАЕВАМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ.**

Жергілікті балалар жазушысы Айман Сапатайқызының «40 ертегі, 100 жұмбақ, 100 жаңылпаш, 100 санамақ, 100 өтірік өлең, 100 тақпақ» атты кітабы 2019 жылы Алматы облысы әкімі А.Ғ. Баталовтың қолдаумен жарыққа шықты. Түрлі-түсті суреттермен безендірілген бұл кітап балаларды қызықтырып қана қоймай, сиқырлы әлемге жетелей отырып, жақсылыққа тәрбиелейді. Жазушының кітабын балалар кітапханаға келіп оқып, танысуына мүмкіндік жасалуда. Балалар әдебиетінің жазушысы болып қана қоймай, ұстаздық жолын қатар алып келетін Айман Сапатайқызының шығармалары әрқашанда балалар сұранысына ие. Алдағы уақытта қызықты да көңілге қонымды жаңа шығармаларын асыға күтеміз.

**Л. ДАЙРАБАЕВА,**
**Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасының кітапханашысы.**

Кабанбай батыр кошесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЭКОЛОГИЯ

# ОСОЗНАННОЕ ПОТРЕБЛЕНИЕ

**НАШЕ ВРЕМЯ СТАВИТ ПЕРЕД ЛЮДЬМИ ЗАДАЧИ, КОТОРЫХ НЕ БЫЛО РАНЬШЕ, И КОТОРЫЕ ТРЕБУЮТ СОВМЕСТНОГО РЕШЕНИЯ – КАК НА УРОВНЕ СОТРУДНИЧЕСТВА МЕЖДУ РАЗНЫМИ СТРАНАМИ, ТАК И НА УРОВНЕ ОТДЕЛЬНЫХ ЛЮДЕЙ: СЕГОДНЯ ЗАБОТА О СЕБЕ И СВОЕЙ СЕМЬЕ ЕСТЕСТВЕННЫМ ОБРАЗОМ ПРИНОСИТ БЛАГО ВСЕМУ ОБЩЕСТВУ.**

Раньше под здоровым образом жизни подразумевали, в основном, два компонента – низкокалорийное питание и физическую активность. Однако, несмотря на широкое распространение продуктов с низким содержанием жиров и популярность фитнеса, в развитых странах значительно выросло количество людей, страдающих от ожирения и диабета второго типа, в том числе детей.

Сегодня формируется новая концепция, которая включает в себя более сложную «формулу» ЗОЖ и рассматривает человека одновременно и как отдельную единицу, и как часть окружающей его среды.

Ключевыми факторами здорового образа жизни теперь можно назвать:

- Питание, насыщенное минералами, витаминами, микроэлементами, дающее энергию и защиту от болезней
- Физическую активность
- Баланс между важнейшими сферами жизни (духовность, отношения и семья, карьера, финансы, альтруизм)
- Экологическая культура и осознанное потребление

Таким образом, экологическая культура и осознанное потребление на наших глазах становятся элементом здорового образа жизни. На самом деле, так было всегда, но мы просто этого не видели. По словам врача и писателя Дипака Чопры, человека нельзя разделить на части или отделить от среды обитания – мы есть одно целое с тем, что нас окружает. Физическое и психологическое благополучие человека всегда было связано с состоянием мира вокруг него.

Итак, понятие здорового образа жизни переосмыслено: осознанное потребление и экологическая культура – это неотъемлемый компонент новой парадигмы здоровья. Следуя правилам осознанного потребления, мы заботимся о себе и своей семье и одновременно вносим вклад в благополучие своего города, страны, планеты…

Вот несколько простых правил для тех, кто осознаёт необходимость перемен в потреблении:

— постараться сократить или отказаться совсем от использования пластика и изделий, которые невозможно переработать. Вместо этого лучше использовать:

- многоразовую тару
- мешки и сумки для покупок из экологически чистых материалов
- бутылки из нержавеющей стали для воды

— отдавать предпочтение экологичному транспорту:

- отказ от поездки на личном автомобиле в пользу общественного транспорта
- покупка машин с экономным расходом топлива

— тщательно обдумывать приобретение новых вещей. «Культура потребления» привела к перепроизводству ненужных товаров, которые выбрасываются и меняются на новые всё быстрее и быстрее. Осознанное потребление, напротив, предполагает, что каждая покупка должна быть взвешенным решением.

— несмотря на более высокую стоимость, выбирать качественные продукты, произведенные из экологически чистого сырья. В конечном итоге это уменьшает нагрузку на окружающую среду и повлияет на стандарты качества в производстве.

— максимально использовать продукты питания, не выбрасывая их; например, использовать кожуру овощей для варки овощного бульона.

— разумно потреблять водные ресурсы:

- использовать приборы, экономящие воду
- своевременно чинить текущие краны
- ограничивать время водных процедур

— участвовать в общественной деятельности. Это может быть:

- посильная помощь при уборке и озеленении двора

- раздельный сбор мусора
- помощь животным
- пост в инстаграме

По мнению автора книги «Как социальные сети разрушают вашу жизнь» Кэтрин Ормерод, социальные медиа заставляют людей тратить деньги, которых у них на самом деле нет. При этом покупать недорогую одежду, созданную по принципам «быстрой моды», не так уж выгодно. Стремясь снизить цену и перевести качество в количество, производители масс-маркета используют самые дешёвые материалы. Такая одежда быстро теряет форму, покрывается катышками и портится после стирки, а покупатель возвращается в магазин за новой.

Любые действия, кажущиеся нам небольшими, объединенные с активностью других людей, ведут к масштабным переменам – улучшению качества жизни и повышению уровня здоровья и удовлетворенности для всего мира.

Вещи, которые радуют годами, взвешенный подход к приготовлению еды, раздельный сбор мусора и другие способы быть ответственным.

Концентрируя внимание на своих поступках, можно заметить, сколько всего мы совершаем по привычке, словно у нас нет выбора или будто бы «и так сойдёт». Тогда как осознанный подход ко всему, что покупается, используется и выбрасывается, может изменить к лучшему частную жизнь современного горожанина и состояние планеты в целом. Если непроизводительные траты не ваша цель, полезно задуматься о том, как их избежать.

**Жания КАРАУЛОВА**

ПОЗНАНИЕ

# ПОЧЕМУ МЫ ИСПЫТЫВАЕМ СТРАХ?

**Страх — это стандартная защитная функция организма. Но следует помнить, что порой он становится постоянным и мешает жить, превращаясь в фобию. В этой статье мы расскажем о том, почему люди испытывают страх, а также приведем примеры самых распространенных фобий.**

Психоанализ разделяет страх и фобию (боязнь). Бояться можно темноты, замкнутого пространства, пауков, уколов, даже иностранцев, а вот причина страха непонятна; страх не вызван тем или иным предметом или событием, а непонятной опасностью, "которую нужно обнаружить". Когда мы имеем дело со страхом, то нельзя сказать, чего конкретно мы боимся, поскольку возникает он без видимой причины. Но это не значит, что причина отсутствует вовсе, и спасения от страха не существует.

В отличие от фобии, страх не выполняет никакой охранительной функции. Если фобия напоминает об опасности, от которой нужно защищаться, т.е. активизирует ваш потенциал и заставляет принимать правильное решение. А страх, наоборот являет "беспомощность перед видом опасности". Он не позволяет правильно оценить ситуацию и принять правильное решение, а во многих случаях ставит под угрозу саму жизнь.

Конечно, можно избавить человека от фобии перед насекомыми или перед чем-то другим, но страх, который находится в самой основе становления субъекта, не будет затронут, а сместится на другой объект. На место, которое освобождается приходит новый объект, ведь лучше бояться чего-то конкретного, избавиться от возможной встречи с таким объектом и таким образом контролировать свои чувства, чем поддаться неопределённому страху. По этой причине, психоанализ не видит ценности в бытовых советах "как избавиться от страха", во-первых, потому что универсальных и годных в любой ситуации советов не существует. Все люди разные, во-вторых, простая адаптация к тому или иному объекту фобии ещё не избавит вас от страха.

Тревога так же является негативной эмоцией, которая связанна с переживанием туманности будущего. Впечатлительный человек, который в любой ситуации ожидает наихудшие последствия, вполне может ощутить тревогу, при возникновении триггера. Боязнь будущего, прошлого и настоящего скапливаются, а затем вырываются наружу в один момент. Если же панические атаки происходят с определенной частотой и интенсивностью, это признак панического расстройства. Каждый седьмой человек, страдающий тревожностью, подвержен этому.

Так называемые таблетки «от головы», «от живота» и т.п. вряд ли можно считать лечебными в полном смысле этого слова. Скорее, это просто ликвидация симптомов, а никак не лечение. Привычка накручивать себя все равно остается.

Для того, чтобы изменить модель восприятия, требуется работа всех систем организма. Здесь на помощь приходит психотерапия. Она помогает осознать: чтоб изменить состояние, требуется менять и причины происхождения. Тревога, связана с оценкой ситуации, то есть, и с многоуровневой системой мышления тоже. Психотерапевт в силах выявить вредоносную модель поведения. Но изменить это сможет лишь сам пациент. Это становится причиной проблем. Человек, не получает того результата, которого ожидал и впадает в фрустрацию.

В психологии страх относят к одной из базовых эмоций человека, которая имеет защитный характер и основана на инстинкте самосохранения. Американский психолог Кэррол Изард в своей книге «Психология эмоций» отмечал, что это врожденный процесс, связанный с конкретным субъективным переживанием. Оно относится либо к реальной ситуации, либо к воображаемой. Во втором случае человек сам создает установки, которые приводят его в беспокойное состояние. Страх мобилизует организм и повышает активность, помогая найти выход из непредвиденных ситуаций. В то же время постоянное пребывание в страхе негативно сказывается на психическом здоровье человека.

Нередко страхи путают с фобиями — они относятся к психическим расстройствам и связаны с ситуациями, которые не являются потенциально опасными. Человек может бояться привычных вещей. Фобия иррациональна, это более устойчивое переживание, в отличие от обычного страха, который связан с реальной или потенциальной угрозой. Для того чтобы справиться с фобиями, необходима помощь специалиста.

В исследовании психологов из Словении «Страхи современного общества» отмечается, что страх — это манипулируемое восприятие угрозы, а не реальная опасность. Американский эксперт по безопасности Гэвин де Беккер подтверждает, что страх часто является результатом воображения. «Уверенные в себе люди испытывают меньше переживаний, чем люди, которые не уверены в своей способности противостоять своим страхам. Тем не менее современный человек сталкивается со множеством угроз, которые вызывают у него чувство беспомощности», — отмечают авторы. Страхи усиливаются в условиях неопределенности, а в новых нестабильных реалиях возникает все больше рисков, поэтому безопасность — один из главных приоритетов современного общества и государства.

**СОБ.КОРР.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЭКОНОМИКА

# ЕЛГЕ – ЫРЗЫҚ, ЖЕРГЕ – КӨРІК БЕРГЕН ҚЫЗЫЛША

Жалғасы. Басы 1-бетте

*«Неміс, француз, орыс, қытай, украин және голланд өндірісінің жаңа заманауи жабдықтары орнатылды. Шырын тазарту, азық-түлік, буып-түю цехтары мен айдау паркінің бір бөлігі жаңартылды, целлюлозаны терең өңдеу цехы мен Голландиялық Govill компаниясының бөлек қаптамалық жабдықтары орнатылды. Дайын өнім цехындағы кептіру кешені жаңартылды. Зауытты жаңғыртуға басында Украинадан келген жоғары білікті мамандар көмектесті. Мәселен, 2018 жылы олардан төрт бригада, бізден сегіз бригада жұмыс істеді. Бөлек қондырғыларды орнатуға қырғыз және алматылық мамандар көмектесті. Бірақ соңғы екі жылда біздің жігіттер көп нәрсені үйренді, нағыз кәсіпқойға айналды. Барлық жаңа заманауи жабдықтарды өткен және осы жылы да өздері орнатты»,* – деген бас инженер Бейбіт Немеребаев зауытта бұрыннан бері жұмыс істеп келетін ардагерлер есімін мақтанышпен айтты. Атап айтқанда, Василий Яценко, Нұрлан Данабаев, Тоғанжан Беркұрманов, Мұхамед Қаратаев, Берікхан Құдайбергенов, Владимир Юшков. Сонымен қатар, механик-дәнекерлеушіден бригадир мен прорабқа дейін өскен Руслан Ысқақов, Ерлік Арынғазин, Нұрлан Арғымбаевтар да бар. Олардың барлығы колледжден шығып, жоғары білікті маман атанып отыр.

*Жұмысқа тұрған жастар қазір ең қиын тапсырмаларды атқарып келеді екен. Осындай талантты мамандардың арқасында зауыт күрделі де, ағымдағы да жөндеуден сәтті өтіпті. «Украиналық мамандар іс жүзінде кеңес береді, біздің жігіттердің көпшілігі барлық жұмысты өздері шешеді»*, – дейді Б. Немеребаев.

Ақсу жері еліміздегі қант қызылшасын өңдеу ісі басталған өңір. Сондықтан бұл жердің тұрғындарында осы дақылды сеуіп, баптап өсірудің мол тәжірибесі бар. Алайда өткен жылғы пандемияға байланысты қолға алынған шаралар мен судың тапшылығынан біраз қиындық белең алған. Бірақ бұл ақсулықтардың жұмыс өнімділігін төмендете алмапты. Биыл қант қызылшасының көлемі былтырғыдан артқан. Дей тұрғанмен, құрғақшылық та өнімнің өсуіне кері әсерін тигізіпті. Алқаптар су тапшылығын сезінгенін айтады бас инженер. Сондықтан кей шаруашылықтар, атап айтсақ, «Әлихан», «Даниял», «Еркежан», «Аюхан», «Қалқаман» биыл алқапты жаңбырлатқыш агрегатпен суғаруды қолға алған.

Биыл да ауданға қарасты 11 ауылдық округтегі шаруа қожалықтары тәтті түбір еккен. Сондай-ақ, қант қызылшасымен айналысатын 6 сервистік дайындау орталығы жұмыс істейді. Оның сыртында «Жасұлан», «Квитко», «Көкөзек», «Дәулет-в» шаруа қожалықтары қант қызылшасына арналған техникалармен толық қамтамасыз етіліпті.

Қайта өңдеу кәсіпорнына биылғы жылда да «Әлихан» шаруа қожалығы алғашқы болып өнімдерін алып келді.

Өткен жылы аудан көлемінде қант қызылшасының өнімділігі гектарына 350-400 центнерден айналса, биыл орташа есеппен әр гектардан 450-500 центнерден өнім алу жоспарлануда.

*«Қазан айының бірінен бастап тәт-ті түбір қабылдау пункті ашылып, жұм-ысты бастадық. Қызылша «Ақсу», «Сарқан», «Ескелді» аудандарынан әкелінуде. Бірінші күні 41 машина (500 тонна қызылша), екінші күні 42, ал үшінші күні 72 машинаға көбейді. Осылай күн санап қызылша әкелетін машина саны артып келеді. Мәселен, зауытты жүргізу үшін 20 мың тонна тәтті түбір, ал күнделікті екі мың тонна қызылша болуы тиіс. Негізінде зауыт қуаттылығы тәулігіне үш мың тонна қант қызылшасын өңдеуге мүмкіндік береді. Өткен жылы 120 мың тонна тәтті түбір өңделді. Биыл орташа есеппен 100 мың тоннаға жеткіземіз деген ойдамыз.*

*Ал, тәтті түбірдің тоннасын 22 мың теңгеден сатып аламыз. Қызылшаны өңдеу үшін кәсіпорын мазут отынын пайдаланады. Оның бағасы да шарықтап тұр. Болашақта көгілдір отын жеткізу жайлы бастама бар, егер осы жағдайға жетсек, зауыттың шығыны да азаятын еді. Мұнымен қоса, кәсіпорынға әр жақтан өнім жеткізу үшін жол қатынасы мен көлікке кететін жанармайдың да бағасы қымбатқа шығады. Осы орайда облыстық әкімдікте Жансүгіров ауылы мен Матай стансасы арасына теміржол тарту мәселесін көтеруде. Егер пойыз жолы салынса, шаруалар үшін де, зауытқа да тиімді болатын еді. Дей тұрғанмен бұл болашақтың еншісіндегі дүние ғой»*, – деген Болат Немеребаев маусым басталған уақытта зауытқа жұмысшыларды келтіре алмайтынын айтты.

*«Тепсе темір үзетін жігіттеріміз қара жұмыстан қашады. Маусымдық жұмыс кезінде шақырамыз. Алайда олар «жұмысқа кірсек мемлекеттен бере-тін жәрдемақыға ілікпей қаламыз» деп бастарын ала қашады. Оны үйдегі әйелі алсын, ер азамат деген отбасының асыраушысы ғой... Үйде отырып алып, мемлекет ештеңеге көмектеспейді*



Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru



*деп жамандайтында тағы солар. Қызылшаға шығаратын адам таппайсыз. Бәрі мемлекеттің дайын ақшасын алып, жата берсек дейді.*

*Біз қолда бар жұмыстың өзін місе тұтпаймыз ғой. Қазір жұмысшының бетіне қарап ұрссаңыз болды, алды артына қарамай, маусымдық жұмыс-ау демейді, кете барады»*, – дейді ол.



Маусымдық жұмыста алты жүзге дейін адам жұмыс істесе, қалыпты уақытта олардың саны жүз елуге дейін қысқарады екен. Бірақ сұранысқа ие слесарлар мен дәнекерлеушілер тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілген. Себебі, олар мұндай мамандарды қолдан жіберіп алмауды ойлайды.

Зауыт тек қызылша өңдеумен ғана шектелмей, биыл 200 гектар алқапқа тәтті түбір сепкен. Бұдан жақсы өнім жинауды да көздеп отыр. Бұл да болса үлкен жетістік емей не дерсің?! Сондай-ақ, жом өңдеумен де айналысады. Мал азығын негізінен арнайы ыдысқа сақтап, жинауда. Ал, мұны жергілікті мал өсірушілер сатып алып үлгерді.

Зауыт жұмысымен танысуда қант қызылшасы тиелген көліктің жүргізушілерімен де тілдестік. Мәселен, Ескелді ауданындағы «Хилниченко и К» шаруа қожалығының тәжірибелі жүргізушілері Жұмағазы Кегенбаев пен Айдос Мәуленбаев қызылша қабылдау пункті ашылғаннан бері күн сайын бір рейс жасайтынын айтты.

Сондай-ақ, кәсіпорындағы зертхана жұмысы да қауырт. Мұнда тәтті түбірдің тазалығы мен қанттылығы анықталады. Зертхана меңгерушісі Валентина Галстердің жетекшілігімен аға зертханашы Наталья Новикова әріптестері Надежда Суворова, Елена Рылковамен бірге әкелінген шикізаттан сынама алып, оның сапасын анықтайды. Ал, тәтті түбір қабылдайтын пунктегі тәжірибелі мамандар Наталья Гольцман мен Айжан Борахан шот-фактураны қабылдап, барлық көрсеткішті қағазға жазудан жалыққан емес.

Ақсу ауданында биыл барлығы 3315 гектарға тәтті түбір себілді. Орташа өнімділікті 300 центнерден айналдыру жоспарлануда. Алайда, озық шаруашылықтарда өнім 600 центнерден асады.

Алдағы жылдары Жетісудағы қант қызылшасының жалпы түсімін екі миллион тоннаға жеткізу жоспарлануда. Бұл үшін қант қызылшасын өсіретін және жоспарлайтындардың бәрі үлкен қолдау алады. Ал мақсатқа жетудегі үшін жұмыстар қазірдің өзінде қарқын ала басталды. Бүгінде Ақсу ауданында Ислам даму банкі қаражаты есебінен ирригациялық желілерді қайта құру жобасы жүзеге асырылуда. Жобаланған суару желілерінің жалпы ұзындығы 633 км. Оны іске асыру мерзімі 2019 жылдан 2022 жылға дейін. Жұмыс толық аяқталған соң қолда бар барлық суармалы алқаптар сумен қамтамасыз етіледі. 11548 га жерді ауыл шаруашылығы айналымына енгізу жоспарлануда.

**Сарби ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ**
**Суреттерді түсірген**
**Аслан ҚАЖЕКЕ**
АҚСУ АУДАНЫ

**БРИФИНГ**

# КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯМЕН СЫРҚАТТАНУ төмендеп келеді

***«JETISU MEDIA» АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ӨТКІЗІЛГЕН БРИФИНГТЕ МАМАНДАР ОСЫЛАЙ ДЕП МӘЛІМ ЕТТІ.***

Брифингте Қазақстанда және Алматы облысында Ковид-19-ға қарсы вакцинация кезеңдері барысы жайлы сөз болды. Баспасөз мәслихатына санитарлық эпидемиологиялық ахуал комитетінің ресми өкілі, ҚР Премьер Министрінің баспасөз хатшысы Ержан Байтанаев, Қазақстандағы коронавирус пандемиясына қарсы іс-қимыл жөніндегі «Ел үшін егілемін» азаматтық штабының мүшесі Серік Беркамалов, Қоғамдық бақылау және мониторингының РКПП басшысы, заңгер құқық қорғаушы, жыл волонтері Саида Таукелева және видео байланысқа шығып отырған эпидемиолог-дәрігер Айнагуль Муканова қатысты.

Алматы облысында соңғы 2 аптада сырқаттану азайып келеді, апталық өсу қарқыны 0,4 %-дан – 0,3%-ға дейін төмендеген, аурудың тіркелу көрсеткіші күніне 120-130 жағдай деңгейінде көрсетілуде. Елде коронавирус инфекциясымен күніне 2 мыңға жуық жағдайдан тіркеліп отыр. Осы аралықта болған ең көп көрсеткіш – 2021 жылдың 7 тамызында тіркелген, бұл күні инфекциямен 8325 адам ауырған болатын. Ал 19 тамыз күні елде 163 адам ковидтен қайтыс болды. Бұл көрсеткіш елімізді КВИ-ден өлім-жітім бойынша әлемде екінші орынға шығарды. Қазіргі уақытта аурудың өсу қарқыны бәсеңдеді, дегенмен Ковид-19-дан өлім әлемдік рейтингте әлі де жоғары.

Штаб белсенділері елімізде вакцинация қарқынының төмендегенін атап өтті. Мәселен, шілде айының ортасында тәулігіне 130 мыңға дейін адам вакцина алса, қазір небәрі 30 мың қазақстандық екпе алуда. Алматы облысында вакцинация қарқыны жалпы республикалық екпелерден біршама артта қалып отыр. Соңғы айда облыста бірінші компонентпен вакцинациялау 6%-ға өсті, ал жалпы республикалық көрсеткіш бойынша облыс өңірлер арасында 9-шы орында.

Сонымен қатар, брифингте балаларға екпе салу жайлы да сөз қозғалды. Алдағы уақыттарда балаларға вакцина салынады, бірақ ешкімді қинамайды, тек қана ата-ананың қолхат жазып келісім берген жағдайында ғана балаларға екпе салынады. Егер ата-ана бас тартқан жағдайда вакцина салынбайды және ол балаға ешқандай мәжбүрлеу, кемсіту, мектепке кіргізбеу фактілері орын алмайды. Бүгінгі таңда Қазақстанда вакцинация қарқыны өте баяу жүруде. Бұл пандемияның жоғары көрсеткіштеріне және өлім-жітімнің артуына әсер етеді. Қазіргі уақытта елімізде вакцинациялауға жататын 10 млн. адамның ішінен тек 7,5 млн. ересек адам екпе салдырған.

– *Бүгінде вакцинаның тапшылығы жоқ. Қайсысын болсын таңдауларыңызға болады. Соның ішінде Отандық «QazVac» вакцинасы, Ресейлік «Спутник V» вакцинасы және Қытайлық синофарм компаниясының вакцинасы халықтың таңдауына қойылған. Қазіргі уақытта өздеріңіз көріп отырғандай, коронавирус инфекциясы түрлі штаммдармен мутацияланып, күннен-күнге ауыр болып келе жатыр. Мәселен мынау Еуропа мемлекеттерінде лямбда шатммы өте ауыр түрде келіп, біраз азаматтардың қиналып жатқаны белгілі. Сондықтанда, мынау пандемиядан шығатын, адамдарды құтқаратын жолдың бірі – бұл тек қана вакцинация жасау. Сол үшін де өзімізді қорғау үшін, екпе алуымыз қажет.* – деді Санитарлық эпидемиологиялық ахуал комитетінің ресми өкілі, ҚР Премьер Министрінің баспасөз хатшысы Ержан Байтанаев.

**Арайлым НҰРЖАПАР**

## Дүйсенбі - Понедельник, 18 қазан

### ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.10 Әнұран
06.05, 04.05 Д/ф «Дала еркениеті»
06.20 «Күміс-көмей»
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.30 Aqparat
10.10, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00, 21.30 Т/х «Ақ жауын»
13.10 «Qyzyq Eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.15 Apta
16.05, 23.30 Т/х «Қанатсыз құстар-2»
17.15 «Qyzyq Eken»
19.00 Т/х «Тағдыр жалыны»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
00.25 «Сана»
02.05 «Ashyq Alan»
02.55 «Теледәрігер»
03.45 «Ұлы дала өсиеті»

### ХАБАР

06.00 «Перекресток в Астане»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Д/ф «Елбасы. Тәуелсіздік жылнамасы»
10.45 Әсем Әуен
11.15 Т/х «Пәленшеевтер»
12.00, 21.30 Т/х «Қақпан»
13.00 Т/х «Бәсеке»
15.00 «Бүгін»
16.00, 23.45 «Тот, читает мысли (Менталист)»
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бизнеске бағыт»
21.00 Итоги дня
22.30 Премьера! «Национальный интерес с Ерланом Бекхожиным»
01.30 «Discovery : Как устроена Вселенная»

### АСТАНА

06.00 «Біздің ауыл»
06.30 М/ф «Алладин»
07.10 Т/х «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.40, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.15, 23.30 Т/х «Жауынгер»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен сұлтан»
17.00, 17.30 Т/х «Жас қырандар»
17.50 Т/х «Ана»
20.00, 01.50 «Астана таймс»
01.20 «Оңай емес»
02.10 «Біреудің есебінен»
03.40 Күлпәштің хикаялары
04.00 «Әзілстан»
04.20 «KazNet»
05.20 «Сырты бүтін»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.05 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы таң»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
11.00 Х/ф «Русские горки»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.40 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.40 Т/с «Реализация»
01.10 «Лучшие враги»
02.15 Т/с «Две судьбы-2»
03.25 «112»

### КТК

07.05 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.00 Т/х «Журналист»
08.50 «Развода не будет»
09.00 «Вторая молодость»
11.10 «Можно мне тебе обнять?»
15.45 «Никогда не бывает поздно»
17.00 Т/х «Әулеттер тартысы»
18.50 «В формате VHS»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.35 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Все могло быть иначе»
00.10 «Игра»
01.50 «Никогда не бывает поздно»
03.20 «Мама Mia»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Жүрек сөзі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Қазақ үні»
12.35 «Полицейская служба»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Олжа»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Талқы»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
15.00 «Зейнеп апа әңгімелері»
15.30 «Әсем әуен»
16.30 «Сильные духом»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Жанашыр» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Қазақ тілі»
20.00 «Әдебиет пен адамзат»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Ән тыңдайық»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бүгінгі дін»
22.30 «Әсем әуен»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

### 31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.50 Here?
08.10, 05.30 «Ризамын»
08.50 «Жазықсыз»
10.20 «Жанкешті ханымдар»
13.00 «Құзғын»
14.00 What's up?
14.40 М/ф «Спарк. Герой Вселенной»
16.40 Эктрасенсы-детективы
17.50 Х/ф «Шпион, который меня кинул»
20.00 Информбюро
21.00 «Ворон»
22.00 Х/ф «Добро пожаловать в Лэйквью!»
00.20, 04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
01.30 Кел, татуласайық!
03.30 Д/ф «В мире чудес»

### 7 КАНАЛ

06.00, 05.20 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00 «Айна - online»
10.30 Х/ф «Рокки-5»
14.00 Т/х «Гудия»
16.00 «Тайны госпожи Кирсановой»
17.00 «Родком»
17.40 Т/с «А у нас во дворе»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Герой по вызову»
21.40, 03.30 «Ағайындылар»
23.00, 04.30 Т/х «Няня-мэн»
00.10 Т/х «Арам ақша.Адал махаббат»
01.20 Х/ф «Прогулка среди могил»

**Открылось наследство после смерти Салпинова Рашита Сайлаубаевича умершого 26 августа 2021 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/6, телефон : 41-37-73, в срок до 26 февраля 2022 года.**

## Сейсенбі - Вторник, 19 қазан

### ҚАЗАҚСТАН

06.00 ӘНҰРАН
06.05 Д/ф «Дала еркениеті»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00 Aqparat
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.10, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
11.00, 19.00 Т/х «Тағдыр жалыны»
12.00, 21.30 Т/х «Ақ жауын»
13.10 «Qyzyq Eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.10 Д/ф «Рахымжан Қошқарбаев»
15.40 «Атамекен»
16.05, 23.30 Т/х «Қанатсыз құстар-2»
17.15 «Qyzyq Eken»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
00.25 «Көңілашар»
00.50 Футбол. «Лейпциг» Германия

### ХАБАР

06.00 «Перекресток в Астане»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Д/ф «Елбасы. Тәуелсіздік жылнамасы»
10.45 Әсем Әуен
11.15, 22.20 Т/х «Пәленшеевтер»
12.00, 21.30 Т/х «Қақпан»
13.00 Т/х «Бәсеке»
15.00 «Большая неделя»
16.00, 23.15 «Тот, кто читает мысли» (Менталист)
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Тарих айнасы»
21.00 Итоги дня
01.15 «Discovery : Как устроена Вселенная»

### АСТАНА

06.00 «Біздің ауыл»
06.30 «Алладин»
07.10 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.40, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.15, 23.30 Т/х «Жауынгер»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен сұлтан»
17.00, 17.30 Т/х «Жас қырандар»
17.50 Т/х «Ана»
20.00, 01.50 «Астана таймс»
20.55 Loto 5/36
01.20 «Оңай емес»
02.10 «Біреудің есебінен»
03.40 Күлпәштің хикаялары
04.00 «Әзілстан» Жасырын камера
04.20 «KazNet»
05.20 «Сырты бүтін»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы таң»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
11.00 Х/ф «Русские горки»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 02.25 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.40 Т/с «Реализация»
01.10 Х/ф «Лучшие враги»
02.05 «112»

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.20 Т/х «Журналист»
09.20 Новости
10.00 «Было дело»
11.00 «Игра»
13.20 «Все могло быть иначе»
15.45 «Никогда не бывает поздно»
17.00 Т/х «Әулеттер тартысы»
18.50 «В формате VHS»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.50 «Все могло быть иначе»
00.20 «Игра»
02.50-03.00 «КТК» Қоржынынан»

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ұлт құндылығы»
10.30 «Қазақ тілі»
11.00 «Жанашыр»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісу батырлары»
13.00 «Әдебиет пен адамзат»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Әсем әуен»
14.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
15.00 «Безбен»
15.30 «Бүгінгі дін»
16.30 «Единый народ»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» / тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ұлытау ұлы» концерті 1-бөлім
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

### 31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.50 Информбюро
07.50, 05.30 Ризамын
08.40 Т/с «Жазықсыз»
10.10 «Жанкешті ханымдар»
13.00 Т/с «Құзғын»
14.00 What's up?
14.10 Сериал «Чужой»
16.30 Экстрасенсы-детективы
17.30 Х/ф «Добро пожаловать в Лэйквью!»
15.30 «Волки и Овцы. Ход свиньей»
19.55 Zeinet.kz
20.00 Информбюро
21.00 Т/с «Ворон»
22.00 Худ/ф «Ультрафиолет»
23.50, 04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
01.30 Кел, татуласайық!
03.30 Д/ф «В мире чудес»

### 7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00, 17.40 Т/с «А у нас во дворе»
11.15 Т/с «Герой по вызову»
14.00 Т/х «Гудия»
16.00, 01.20 «Тайны госпожи Кирсановой»
17.00 «Родком»
19.00 «Студия 7»
19.30 Сериал «Балабол-2»
21.40 «Ағайындылар»
23.00 «Няня-мэн»
00.10 «Арам ақша. Адал махаббат»

## Сәрсенбі - Среда, 20 қазан

### ҚАЗАҚСТАН

16.55, 03.55 Әнұран
17.00, 20.00, 03.00 Aqparat
17.15 «Qyzyq eken»
18.00 «Ғашықтық дерті»
19.00 Т/х «Тағдыр жалыны»
20.35 «Ashyq alan»
21.30 Т/х «Ақ жауын»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 Т/х «Қанатсыз құстар-2»
00.25 «Көңілашар»
00.50 Футбол. «Манчестер Юнайтед» - «Атланта»
03.35 «Ататмекен»

### ХАБАР

Профилактика 03.00 – 17.00
17.00, 02.00 ҚР Әнұраны
17.00, 23.15 Тот, кто читает мысли «Менталист»
18.00 «Мегахит»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Отдел журналистских расследований»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Қақпан»
22.20 «Пәленшеевтер»
01.15 «Discovery: Как устроена Вселенная»

### АСТАНА

Техникалық үзіліс
17.00, 17.30 Т/х «Жас қырандар»
17.50 Т/х «Ана»
20.00, 01.50 «Astana times»
20.55 «Loto 6/49»
21.00 Т/х «Қара ниет-2»
22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
23.30 «Жауынгер»
01.20 «Оңай емес»
02.10 «Біреудің есебінен»
03.40 Күлпәштің хикаялары
04.00 Той жыры
04.30 «KazNet»
05.30 «Сырты бүтін»

### ЕВРАЗИЯ

Профилактика
17.00 «QOSLIKE»
18.30, 03.40 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 Главные новости
20.40 Т/с «Реализация-2»
01.10 «Однолюбы»
02.15 «Две судьбы-2»
03.25 «112»
04.05 «Әйел сыры»

### КТК

Техническая профилактика
17.05 Т/х «Әулеттер тартысы»
18.50 «В формате VHS»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Все могло быть иначе»
00.10 «Игра»
01.50 «Никогда не бывает поздно»
02.35 «Астарлы ақиқат»
03.20 «Mamma mia»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

### ЖЕТІСУ

17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/ Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/ Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» / тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Алматы облысы - 20 жыл (20 тұлға)
20.10 «Тұғырдағы тұлға»
20.15 «Ковид-шолу»/ Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ұлытау ұлы» концерті 2-бөлім
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

### 31 КАНАЛ

Технический перерыв
17.00 «What's up?»
17.10 Экстрасенсы-детективы
18.10 Худ.фильм «Ультрафиолет»
20.00 Информбюро
21.00 Пенсия.kz
21.05 Т/с «ВОРОН»
22.00 Худ.фильм «Обет молчания»
23.50, 04.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
01.00 Кел, татуласайық!
03.00 Д/ф «В мире чудес»
05.30 Ризамын

### 7 КАНАЛ

Профилактика
17.00 «Родком»
17.40 Т/с «А у нас во дворе»
19.00 «Студия 7»
19.30 Сериал «Балабол-2»
21.40, 03.10 «Ағайындылар»
23.00, 04.20 «Няня-мэн»
00.10 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕСКЕ АЛУ

# ОТЫЗ ҮШ ЖЫЛ КІТАПХАНАНЫ БАСҚАРҒАН

## Нағима НҰРҚАЛБАЕВА туралы бір үзік сыр

**КІМГЕ БОЛСА ДА ТІРЛІКТІҢ БІР КҮНІ ТОҚТАЙТЫНЫ – АҚИҚАТ. ҚАМШЫНЫҢ САБЫНДАЙ ҚЫСҚА ҒҰМЫР ШІРКІННІҢ БҰРАЛАҢ ЖОЛЫНДА УАҚЫТ ТОҚТАУСЫЗ ЗЫМЫРАП БАРАДЫ. КҮНІ КЕШЕ ҒАНА КІТАПХАНА САЛАСЫНА ҮЛКЕН ЕҢБЕГІ СІҢГЕН НАҒИМА ЖАБАЙҚЫЗЫ НҰРҚАЛБАЕВА ӨМІРДЕН ОЗДЫ. БҮГІН МІНЕ, ОҒАН ДА 100 КҮН ТОЛЫПТЫ..**

Талдықорған және Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласының білім, қоғам, мәдениетіне өзіндік үлесін қосқан, өткен күннен ойып тұрып орын алған Нұрқалбаева Нағима Жабайқызының ғұмыр тарихына көз жібертсек дейміз..

Нағима Нұрқалбаева 1946 жылы 12 қыркүйекте Талдықорған қаласында дүниеге келген. Сол заманда қалада қазақ мектебі болмағандықтан, оны ата-анасы М.Горький атындағы орыс мектебіне берген екен. Өзінің білімділігі мен біліктілігінің арқасында 1963-1966 жылдары Лепсинск мәдени ағарту техникумының «Кітапхана ісі» бөлімін тәмәмдайды. 1968-1973 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының «Кітапханатану және библиография» мамандығы бойынша бітіреді.

Еңбек жолын 1966 жылы С. Сейфуллин атындағы Талдықорған облыстық кітапханасында бастайды. Кітапханада оқырмандарға қызмет көрсету, кітап қорын жинақтау мен өңдеу, әдістеме бөлімдерде кітапханашы және бөлім меңгерушісі қызметін атқарады. Ал, 1981-1990 жылдар аралығында Талдықорған облыстық жасөспірімдер кітапханасының директоры қызметіне тағайындалып, тоғыз жыл абыройлы қызмет атқарады. Еңбегінің нәтижесінде 1990 жылы С.Сейфуллин атындағы облыстық кітапхананың директоры қызметіне тағайындалады. Сол аралықта Егеубек Далбағаев, Камал Абдрахманов, Рахмет Есдәулетов сынды бірқатар елдің ардақты азаматтарының көмегімен талай мәселелерді шешіп, кітапхана жұмысын гүлдендіруге бел сыбана кірісті.

1997 жылы Талдықорған Алматы облысының құрамына кіруіне байланысты, С. Сейфуллин атындағы облыстық аймақтық кітапханасының директоры болып қызмет атқарады. Ал, 2003 жылы Алматы облыстық кітапханасының Талдықалаға көшірілуіне байланысты Талдықорған қалалық В.Маяковский атындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры қызметіне тағайындалады және мұнда 2005 жылға дейін, зейнетке шыққанша еңбек етеді. Зейнетке шыққан соң да, 2006-2014 жылдар аралығында Талдықорған қалалық экономика және жол колледжінің кітапханасында меңгеруші қызметін атқарған.

Нағима Жабайқызы Талдықорған және Алматы облыстарында кітапхана саласында 48 жыл қызмет еткен, оның 33 жылын кітапхана директоры қызметінде абыроймен жұмыс жасаған. Бұл ретте жұмысқа асқан махаббаты мен адал еңбегінің, төккен терінің арқасында көптеген марапатқа ие болды.

1991 жылы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен, 1999 жылы Талдықорған қаласы әкімінің Алғыс хатымен, 2001 жылы 1 желтоқсанда ҚР «Тәуелсіздігіне 10 жыл» толуына байланысты мерекелік медальмен және дәл сол жылы ҚР мәдениет және білім министрлігі, Талдықорған қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен, ҚР Президент жанындағы ұлттық отбасы және әйелдер жөніндегі комиссиясының дипломымен марапатталды. Ал 2005 жылы Алматы облыстық мәдениет басқармасының Алғыс хатымен, Құрмет грамотасымен және Алматы облыстық кітапханасының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Алғыс хатын иеленді. Араға бес жыл салып, 2010 жылы Талдықорған қаласының экономика және транспорт колледжінің Құрмет грамотасымен марапатталады.

2016 жылы 8 наурыз мерекесіне орай облыс әкімі Амандық Баталовтың қабылдауында болды.

Ол руханият үшін өлшеусіз тер төкті. Саналы ғұмырында білім саласына мол еңбек сіңірген тұлға жұмыс бабымен КСРО, республикалық, облыстық және ауданаралық өткен конференцияларға, семинарларға, жиналыстарға қатысып, өзінің көпжылдық тәжірибесімен бөлісті. Ауыр кезеңдерде Кітапхана ісінің жандануына, кітап қорының молайуына барынша үлесін қосуда Алматы, Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларындағы баспаханалармен үздіксіз хат алмасып, жауаптар алып тұрды. Әрбір жаңадан шыққан жинақты назардан тыс қалдырмай, кітапхана сөресі мен оқырманның қолынан табылуын қамтамасыз етті.

Нағима Жабайқызы 1969 жылы Құлтай Нұрқалбайұлымен шаңырақ көтерді. Отбасында Берік, Ардақ атты балаларын тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Олардан немере сүйіп, ата-әже атанды. Бұл отбасындағы барлық жан жоғары білім алған. Бірі – кітапханашы болса, бірі – тарихшы, біреуі – ұстаз, енді бірі жазушы.

Асыл жар, аяулы ана, сүйікті әже, үздік маман бола білген Нағима Жабайқызы 2021 жылы 5 шілде күні ауыр дерттен бұл дүниеден озады. Талдықорған қаласының руханиы өміріне елеулі үлес қосқан білікті басшы жайлы айтар сөз, жазылар қалам еш уақытта таусылмас сірә?!

Күні кеше ғана жандарында жүрген асыл жаннан айырылып қалған отбасымен бірге әріптестері қатты қайғыра еске алады..

– *Сізге кітап беретін кітапханышы, сізге белгісіз әлемді ашуға көмектеседі, ол арқылы күмәндарыңызды, көңілсіздіктеріңізді жеткізуге, қазіргі бақытты сәттерді сезінуге, қызықты сұрақтардың жауабын табуға көмекстеседі. Мен ешқашанда таңдаған мамандығыма өкінбедім»,* – деген екен бір сөзінде Нағима Нұрқалбаева. Иә, осы сөздерінен-ақ арман жолында аянып қалмағанын аңғаруға болады.

Міне, осындай жауапты жұмыстардың басы-қасында жүрген Нағима Жабайқызы шәкірт тәрбиелеуден де, кенде болмаған. Атап айтсақ, облыстық С. Сейфуллин атындағы кітапхананың директоры М.Нұрғалиева, К.Пішпекбаева, Г.Мұқанова, К.Сейітжанова. Әр аудандағы кітапханаларды басқарып отырған шәкірттерін тәрбиелеу жолында жұмыс жасап, дұрыс бағыт беруде Нағима Жабайқызының тигізген үлесі мол. Ол бұл тәлімгерлеріне жұмыстың жүйелілігін ғана үйретіп қоймай, сонымен қатар аудан басшылары мен елжұртқа ұсына жүріп, директорлыққа да ұсынғанын айтпай кетуге болмас. Мұның өзі оның жүргізген жұмсақ әрі кеңдігінің дәлелі екенін аңғартады. Сондай бір шәкірттерінің қатарында болған жан Нағима Жабайқызын еске алып, қатты қайғырады :

– *«1984 жылдан бастап Нағима апаймен кітапхана саласында бірге қызмет атқардым. Ол кісі біраз жыл сол кездегі Облыстық С. Сейфуллин атындағы кітапханы басқарды. Нағима Жабайқызының мектебінен өткен мен секілді кітапханашылар облыс, аудан, қалаларда кітапхана директоры лауазымына көтерілді. Оқу бітіріп келіп, кітапхана табалдырығын аттаған жас кітапханашыларды осы мамандық-тың қыр-сырына үйретіп, білікті маман болып шығуына өте көп еңбек сіңірді. Ол кісіні мен өзімнің ұстазым деп есептеймін. Көзге көрінбейтін қиындығы көп кітапхана саласының майталманының шәкірті болғаныма қуаныштымын. Заманымыздың заңғар жазушысы, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев атап көрсеткендей, мен кітапхананы ақыл-білім адамгершілік ордасы деп білемін. Ал кітапханшыларды ешқашан жоғалмауға тиісті сол асыл қазынаның сақшылары деп санаймын деген болатын. Әр кітапты көздің қарашығындай сақтауға, болашақ ұрпаққа аманаттап кетуге әрқашан әзірміз. Қанша ұрпақ ауысса да, кітап оқу үдерісінен алшақтаған жоқпыз. Осы кітапхана ісінің дамуына Нағима Жабайқызы өзінің саналы ғұмырын арнады. Жатқан жері жайлы, жаны жәннатта болсын болсын»,* – деді Талдықорған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі КММ-нің директоры Күлжан Сейітжанова.

Бүкіл саналы ғұмырын елі мен жерін өркендетуге арнаған, бақытын еңбектен тапқан Нағима Нұрқалбаевны тағы бір еске алудың сәті келе жатқан сияқты. Биыл кітапхана саласының нағыз маманы Нағима Жабайқызы көзі тірі болса 75 жасқа толар еді. Жетісу өңіріне, жалпы Алматы облысына өшпес із қалдырып өмірден көшкен адамның рухына құран бағыштау марқұмның көзін көрген, шәкірт болып бірге жүрген, соңында қалған арожданы бар азаматтардың парызы деп білемін. Отбасы мен артында қалған балаларына, жақындарына тағы да, қайғырып көңіл айтамыз..

**Арайлым БЕЙСЕНҒАЛИҚЫЗЫ**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

# Сағыныш ақын

## «Ер Төстік» әдеби байқауының жеңімпазы атанды

**ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы «2021 Балалар әдебиеті жылына» орай балалар мен жасөспірімдер шығармалары үшін «ЕР ТӨСТІК» әдеби байқауы жариялаған болатын. Байқау 2021 жылдың 2 тамызы мен 2 қазаны аралығында өтті. Барлығы 93 автордың жұмысы тіркелді. Марапаттау рәсімі бірнеше номинация бойынша өтті. Атап айтсақ, проза, ертегі, балаларға арналған өлеңдер және үздік иллюстрация.**

**Осы байқауда «БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӨЛЕҢДЕР» аталымы бойынша ақын Сағыныш Намазшамова жүлделі екінші орынды қанжығасына байлады. Ақын қызымызды жеңісімен құттықтаймыз! Поэзия төрінде қанатың талмай, қалықтай бер!**

### ҚҰМЫРСҚА

*Жанын салып жұмысқа*
*Жүреді ылғи құмырсқа.*
*Айтшы өзің, не дейсің,*
*Мінезі осы дұрыс па?*

*Жүк көтерген төбеге,*
*Жолын оның бөгеме.*
*Осы мықтылығынан*
*Алар ма едің өнеге?*

*Ағашқа да өрлейді,*
*Құрттан оны емдейді.*
*Жанындағы жолдасын*
*Жау қолына бермейді.*

*Ізденеді, талмайды,*
*Өз илеуін қорғайды.*
*Айта берсең әлі де*
*Әңгіме көп ол жайлы.*

*Иә, иә, әр іске*
*Ықыласпен кіріссе*
*Құмырсқадай,*
*Әр адам*
*Жетеді ылғи жеңіске.*

### КӨКТЕМ

*Көзін аш бұлақтың,*
*Сарқырап су ақсын,*
*Қарасын күлімдеп*
*Көктегі шуақ Күн.*

*Жапырақ жайқалсын,*
*Желменен шайқалсын.*
*Көктемнің келгені*
*Осылай байқалсын.*

### БІРДЕЙ ӨСІП КЕЛЕМІЗ

*Бүгін көктем шығыпты,*
*Еріп кетті аққала,*
*Ерінбей-ақ шыбықты*
*Егіп қойдым бақшаға.*

*Бұтақтары нәзік-ақ,*
*Көрген сайын қуандым,*
*Шелегімді қолыма ап,*
*Күнде өзім суардым.*

*Азайттым да ойынды,*
*Талға бұрдым ойымды.*
*Салыстырып онымен,*
*Күнде өлшеймін бойымды.*

*Су ішеді ол тауысып,*
*Мен сүт-айран – ақ ішіп,*
*Екі балғын осылай*
*Келе жатыр жарысып.*

### КӨКТЕМНІҢ СЫЙЫ

*Болмайды енді бүркенуге,*
*Көктем жерге нұр себуде.*
*Шешіп тастап шықтым бүгін*
*Малақайды, күртені де.*

*Күлім қағып тұрады Күн,*
*Көктем келді-ау, сірә, бүгін.*
*«Көрсетші аға, қайсы көктем?»*
*Деп таңырқап сұрады інім.*

*Көктем деген көпке дәрі,*
*Қуанбайды текке бәрі.*
*Құстар ғажап ән шырқаса*
*Сол болады көктем әні.*

*Тамсандырса таңғы майса,*
*Көктен жылы жаңбыр жауса,*
*Емен-талдар бүршік атып,*
*Топырақта тамыр жайса,*

*Қар да қалмай еріп кетсе,*
*Ел қуанып, егін ексе,*
*Малдың аузы көкке тиіп,*
*Шаруаның көңілі өссе,*

*Көктемнің бұл сыйы бізге,*
*Шаттық кірер үйімізге.*
*Көктем деген осы міне,*
*Бұдан өзің түйін ізде.*

### НАУРЫЗ КӨЖЕ

*Наурыз тойын күтейік,*
*Күн жылына бастады.*
*Наурыз көже ішейік -*
*Молшылықтың бастауы.*

*Артық кім бар анамнан,*
*Мейірімін төгеді,*
*Жеті түрлі тағамнан*
*Пісіреді көжені.*

*Ал, достарым, жүріңдер,*
*Аралайық әр үйді.*
*Бар ауылдың бұл күні*
*Дастарқаны жаюлы.*

### НАУРЫЗ ТӨЛІ

*Наурыз күнгі төлім менің,*
*Өзің неткен көңілді едің!*
*Құлыншағым біле ме екен*
*Бәсіреге берілгенін!*

*Жарысқанда жеңілмеген,*
*Сен жүгірсең көңілденем,*
*Бәсіреме берген құлын,*
*Бірге өсемін өзіңменен.*

### ТАТУЛЫҚ

*Көрші досым Саматпен*
*Ойнаушы едік жарасып,*
*Аяқ асты, әй, әттең,*
*Допқа қалдық таласып.*

*Бұртиды да кетті енді,*
*Ренжігені неткені,*
*Атам айтты: «Наурызда*
*Ұмытыңдар өкпені».*

*Нық бастым да сеніммен,*
*Бар шынайы көңілмен*
*Қолын алып Саматтың,*
*«Дос болайық» дедім мен.*

### ОТАНДЫ ЖАҚСЫ КӨРЕМІН

*«Күнім» деп күнде айтатын*
*Анамды жақсы көремін,*
*Бақшадан алып қайтатын,*
*Ағамды жақсы көремін.*

*Батырға мені балайтын*
*Әкемді жақсы көремін,*
*Қамқор боп маған қарайтын*
*Әпкемді жақсы көремін.*

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Биік бол деп жар салған,
Аспанды жақсы көремін.
Күлімдеп мені қарсы алған
Бақшамды жақсы көремін.

Секіріп сейіл құратын
Ботамды жақсы көремін.
Осының бәрі сиятын
Отанды жақсы көремін!

## ОТАНЫМНЫҢ БАЙЛЫҒЫ

Арыстан да, құлан да,
Жолбарыс та, жылан да,
Жапалақ та, қыран да,
Бәрі-бәрі бар мұнда.

Қайың, емен, арша да,
Қарағай да, шырша да,
Айта берсем әлі де
Ағаштар бар біршама.

Аспаз, диқан, тігінші,
Шахтер, шопан, мүсінші,
Мұғалім мен дәрігер,
Бәрі-бәрі әбігер.

Тау да, тас та, дала да,
Өзен-көл де, қала да,
Бәрі-бәрін Отан деп
Атамауға бола ма?!

## ОЙЫНШЫҚТЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Қате бар ма ісімде,
Қоймайтынмын ақтармай,
Әр ойыншықтың ішінде
Бір құпия жатқандай.

Анам Камаз әперді,
Құмға апардым қызығып,
Кілт үзді де әсерді,
Қалды кенет бұзылып.

Ақауларын байқағам,
Бөлшектедім тетігін.
Құрай алмай қайтадан,
Әурелендім жеті күн.

Келген қонақ тойға сан,
Сыйға әкелді бір кеме.
Бар ішінде ойласам,
Мен білмейтін бірдеңе.

Қалай құрған кемені?
Қалай желкен көтерген?
Қызық маған себебі,
Бұзғам жоқ қой бекер мен.

Кемем қалды жөнделмей,
Керексіз боп бір күнде.
Ойыншық ішін бір көрмей
Ойнай беру мүмкін бе?

## «БҮЛІКШІЛ»

Жемістердей баудағы
Мінездері он түрлі
Дүйім бала ауланы
Шат күлкіге толтырды.

Бірі әткеншек тебуде,
Бірі асық ойнауда,
Қайта қоймас тек үйге,
Мұрша да жоқ ойлауға.

Ересектеу көрініп,
Ерлік айтты бір істі.
Екі топқа бөлініп,
Енді ойынға кірісті.

Жүгірісті көп бала,
Бірі ұсталып, бірі ұстап.
Шаршап барып топтала
Тұрды азырақ тыныстап.

Кімнен сауға сұрамақ,
Кәусәр айтты ыза боп:
«Жетпесем де қуалап,
Жеңілгем жоқ сірә», - деп.

Шу шыққан соң көп бала,
Жүгіруді тастады.
Жақан шығып ортаға
Жасырынбақ бастады.

Балақайлар тығылды,
Бірін-бірі мәз қылып.
Ойнап жүрген бір ұлды
Шықты Кәусәр жазғырып.

Тағы тұрды кінәлап,
Тағы дауын ала кеп.
«Саусағынан сығалап,
Көріп қойған жаңа» деп.

Бастай берген дау-шарды,
Берекені алған көп.
Жанында енді Кәусәрдің
Ешбір досы қалған жоқ.

## БАТПАҚТЫҢ ӘЛЕГІ

Алқам-салқам Қанатқан
Оралады сабақтан.
Батпақ кешіп келгені
Байқалып тұр балақтан.

Қашан болсын жейдесі
Салынбайды түймесі,
Үйге келген кезінде
Кейпін көрсең, күнде осы.

Бәтеңкенің бауы да
Байланбайды тағы да.
Галстугы кетеді
Қисайып бір жағына.

Қалай енді ерінбек
Анасы айтты: «Не бұл?», - деп
«Бұдан былай киімінді
Тазалайсың өзің», - деп.

Орындаймын деп мұны
Қолына алды щетканы.
Алғашқыдай емес тек,
Тез басылды екпіні.

Қиын екен дегенмен,
Айтты ақырын: «Егер мен
Білсем бұлай боларын
Батпақ кешіп келер ме ем?!»

# БІР КЕМПІР КЕЛЕ ЖАТТЫ...

Бір кемпір келе жатты...

– Көре-көре жаманды көз қарықты, іздей-іздей жалғызды табан тозды. Есегіне дейін егіз табар дәулеті тасқан ел едік. Қойшы-қолаң құлы түгіл, салпы етек, сары қарын қатынына дейін ісіне мығым бек едік. Бір күні апақ-сапақта, мизамды шуақ шапақта басқа қара бұлт төнді. «Басқа салса баспақшыл» құдай салды, мен көндім. Аспаннан түскендей мың қыдыру қол келді. Алай да дүлей, асыр да тұсыр күн болды. Күн емес-ау, жылт еткен жылуы бар шоқтар сөніп, қайқиған қара шаңырақтар табандарда тапталып күл болды. Кім екендерін білмедік, төрт арыстай ұлымды көз алдымда атып өлтірді. Жер бетіндегі тірі жанды түгел жұмаққа жеткіземіз, тең етеміз деп малды айдап, мүлікті арбаға артты. Бұл қорлыққа шыдамай, шал өз-өзіне қол салды.

Таңның шығынан мөлдір, күннің нұрынан мейірімді он үштен он төртке көшкен жалғыз құралайым бар еді. Ол беті ауған жақ, далаға қашты. Астан да кестен заманда аман қалғаныма таң, оны қуып мен кеттім. Жұртта жұрнақ, артта тұяқ қалмады. Еліріп қашқан елігіме жетсем деп із кесіп барам.

Жалғыз аяқ жол. Жаралы көкірек. Отқа қақталған өмір. Оны үміті өрге сүйресе, еріккен бұталар етегінен тартып, кимешегінің үшбу бұрышы жер сызып ұзап барады.

Жолың болсын, әже!

* * *

Бір кемпір келе жатты...

Қай жетіскеннен ел кезіп жүр дейсің?! Е-е, сұм тағдыр-ай, біз не көрмедік. Сонша зарлататындай не жазығым бар еді. Ес біліп, етегімді енді жабар шағымда елімізді жау шауып, ата-ана, бауырларымнан айырды бұ құдай! Далада қалып қарға-құзғынға жем болғалы жатқанда, перзент деп зарлаған бір бейбаққа кезіктім. Шүкір деп оң-солымды енді бағдарлай бастағанда жер бетін жұт басты. Бір үзім нан түгілі, шөже торғай, соқыр тышқан көзден бұлбұл ұшты. Босағаға сүйеніп, қылжиған күйі ол қалды, тасбақа теріп мен кеттім.

Кеудеден шыбын жан шықпаған соң, ілбіп жүре береді екенсің сол. Қолға түскен нәрсені қағажу ғып, күн артынан күн, жыл артынан жыл өтті. Қабысқан қарын, қатқан ішекке ел қонып, демімізді енді алар шақта «аузың асқа тигенде, мұрның қанасын» деп, тағы да дүрбелең басталды. Шаңырақ көтергенмен сынық уық та шанша алмай, сол топалаңға күйеуімді шығарып салып, ошақ түбінде опырылып мен қалдым. Дүниеге соры қалың бір желбір шаш келді шырылдап. Бықсыған отты үргілеп ілбіп мен келем, ал иесі оралмады. Оны іздеймін деп жүріп, жалғыздан тірі айрылдым. Сол жалғызды іздеп, бармаған жер, баспаған тауым жоқ, енді қалған ана-ау «жылы» беткейден іздеп барамын.

Ақ шыт орамалын шекесіне шандап байлаған шешейдің орамал ернеуінен қос құлағы ербиеді. Ақ жаулықты басы мәңгі қар жатқан алып тау іспетті де, қос құлағы оның мызғымайтын қалқиған қос қарауылы іспеттес. Бүрме көйлегінің етегі күрзі етігінің қонышын сүрте жалп-жалп етіп қызмет көрсететіндей, ал етігі сол күніне риза Көңілмен күрп-күрп етеді. Күрп-күрп еткен сайын ақ шаңдақ машина жол бұрқ-бұрқ етеді. Ол ұзай берді.

Іздегеніңізді табыңыз, апа!

* * *

Бір кемпір келе жатты...

– Қайда бара жатқанымды өзім де білмеймін, әйтеуір демалсам деймін. Шаршадым. Бала-шағаң дейсіз бе? Болған. Б...... да болған.

Жап жақсы-ақ едік, тек жасы жер ортаға жеткенде «бақытымды жаңа таптым» деді. Айналдық, толғандық, жыладық, сықтадық, ойландық. Ақыры «қош!» дестік. Құшағымдағы қос қоңырымды қанат етіп мен қалдым. «Жол» ұзақ екен, біз де жорғалап жеткендей едік мәреге. Дүниеге шыр етіп түскен сәттен бастап өз балаң өзіңе бұйырған ба, он сегізге толған күні екі жыл ел қорғайды деп алды да кетті иелері. Кімді кімнен қорғағанын қайдам, екі көктем ғасырдай боп өтіп, келер күнін саусақпен санап жүргенде тақтайдай төрт-бес адам кіріп келді үйге. Өздері ғана емес, баламның тас қорғанда тапталған денесін де ала келді. Жер бауырлап қалдым, қайтейін! «Шыда!» – деді әлгі тақтайдай төртеу де, «көн!» – деді. Шыдадық! Көндік! Басқа не келеді қолдан. Елін қорғап қайтты ғой...

Есіме алғым да келмеп еді, жанымнан бір қалмай қойдың-ау. Сонан жыл жарым уақыттан соң емін ешбір дәрігер білмеген кіші ұлымның денесінде түймедей жара болушы еді, ай жаңарса жаңарып, ескірсе төгіліп отыратын. Сол аяқ астынан көбейіп, үш-төрт ай іріп-шіріп жатып, ол тағы кетті ағасының соңын ала. Қазір не көп, аты жоқ ауру, емі жоқ кесел көп. Ең болмаса қос қозымның неден кеткендерін білмей есеңгіреп мен барам. Оның не көкіректі қарс айыра қайғырғаны белгісіз, не жәй күрсінгені белгісіз, артына бұрыла мағынасыз аз кідіріп, ұзақ қарады да, қайта өз аяңына басты. Иығынан сәл ғана төмен толқын шашын саусақтарымен тарай қайырып, кішкене қол дорбасын қолтығына қыса, егделеу әйел кетіп барады. Аяғын басқан сайын асфальт үстінде тағалы аттай өкшесі тық-тық етеді.

Тық-тық еткен өкшесі ме? Иә!

Ал, жүрегі ше? Білмеймін.

– Ей, ей, бейтаныс әйел, тоқтаңызшы. Сіз кім-с-і-з?

– Мен бе? Өзіңмін ғой!

– Өзі-ім! Ой, қандай қорқынышты. Ө-з-і-ім!!!

**ГҮЛЗАТ ШОЙБЕКОВА**

**qalamger.kz сайтынан алынды.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОКРУЖАЮЩАЯ СРЕДА

# ЖИВАЯ ПРИРОДА - УКРАШЕНИЕ ЗЕМЛИ

**Красота природы нашей земли уникальна, она поражает своей многогранностью, уникальностью и неповторимостью. Всей своей палитрой красок, которые в ней присутствуют. Разнообразием животного и растительного мира, живущего в единой гармонии. Веками мыслители, философы и поэты, любуясь природой, воспевают ее в своих стихах, поэмах и прозах. Восторгаясь временами года, весенними цветам, весенней трелью птиц, цветущими садами, зеленью летних трав, красотой лесов, озер, рек.**

Осенними пейзажами, осенней листвой. Покрытыми снегом, словно серебром лесами, скованными прозрачным льдом озерами и реками. Пытаясь донести до нас всю мощь и красоту природы. Для того, чтобы сохранить природу, по всему миру создаются национальные парки, заповедники, различные организации по защите, охране и воспроизводству животного мира. Такие всемирные организации как, ПРООН, ЮНЕСКО. Созданный 30.04.2010 ЖОНГАР-АЛАТАУСКИЙ Государственный Национальный Природный Парк, особенно поражает своей красотой и величием своей уникальностью, первозданным видом и неповторимо чистой и прозрачной водой рек и озер, животным и растительным миром. Парк является одной из жемчужин Республики Казахстан, украшением нашей земли. В Лепсинском филиале, РГУ «Жонгар-Алатауского» государственного национального природного парка во главе со специалистами филиала, трудятся государственные инспектора. Инспектора ежедневно следят за сохранностью животного и растительного мира. Всячески оберегая нашу природу и все, что произрастает и обитает. Ведь природа это украшение нашей земли, нужно бережно относиться к нашей природе. Всеми силами мы должны сохранять, и приумножать богатство нашей природы. Заниматься озеленением, высаживать деревья, следить за экологическим состоянием окружающей среды, чистотой рек и озер, не засорять их бытовыми отходами и мусором. Проводить беседы с местным населением о бережном отношении к природе и ее обитателям. Прививать любовь к природе у подрастающего поколения. Любить и уважать нашу природу, жить в полной гармонии с ней, быть одним целым. Природа это колыбель человечества, ее сохранение наше первостепенная задача.

**Гос инспектор Лепсинского лесничества**

БРИФИНГ

**Как всем известно, под эгидой Елбасы в 2019 году была реализована инициатива «Ел Үміті». В рамках этой инициативы с октября этого года в нашей области реализуется Служба «Qabilet». На брифинге в Jetisý Media, заместитель руководителя управления образования Алматинской области Айжан Адамбекова и директор центра «Жетысу дарыны» Алматинской области Алишер Башаров рассказали в подробностях об этом проекте.**

# РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОЕКТА

Стало известно, что проект реализуется корпоративным фондом «Академия Елбасы» при поддержке Министерства образования и науки Республики Казахстан и акимата Алматинской области.

«Цель данного проекта – создание национальной системы диагностики способностей и профессиональной ориентации школьников, а также организация службы сопровождения и поддержки одаренных детей и талантливой молодежи для реализации их интеллектуального и личностного потенциала. На первом этапе участвовать в проекте смогут школьники 10-11 лет, это учащиеся 5 и 6-х классов. По Алматинской области обучается 45 937 учащихся 5-х классов и 47 411 учащихся 6-х классов. На следующих этапах будут охвачены дети подросткового возраста»,– сообщила Айжан Адамбекова.

Тесты по оценке способностей учащихся предназначены для выявления детей, имеющих развитый интеллектуальный, коммуникативный и творческий потенциал, а также высокие академические достижения с целью дальнейшего их образовательного сопровождения и профессиональной ориентации.

А диагностика и выявление способностей будут осуществляться на базе учебно-методического центра «Жетысу дарыны» и онлайн платформе «Qabilet» Академии Елбасы qabilet.elbasyacademy.kz.

Обратите внимание, что в этом учебном году смогут зарегистрироваться и пройти тест на сайте только дети 10-11 лет. Необходимо также знать ИИН и иметь при себе действующий номер телефона, куда придет СМС сообщение с подтверждением регистрации на сайте.

На нижнем углу сайта указан телефон Call центра и чат-консультанта, куда можно обратиться при возникновении затруднений.

Номер Call центра 8 800 080 48 48. Call центр работает с 9.00-18.00 ч. по времени г.Нур-Султан (ежедневно), звонок в Call центр бесплатный.

«Мы уверены, что служба «Qabilet» даст начало системному выявлению способностей детей в нашем регионе, поможет выявить их таланты и правильно выбрать будущую профессию. Рекомендую всем руководителям образовательных учреждений и родителям нашего региона обратить внимание на этот интересный проект, обязательно рассказать о нем своим ученикам и детям»,– сказал Алишер Башаров.

**Ж.ҚАЙРАТҚЫЗЫ.**

ОБЩЕСТВО

# ЮНЫЕ ИССЛЕДОВАТЕЛИ ПОКОЛЕНИЯ Z – УЧЕНИКИ NIS

**Ученики Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган стали призерами сетевого конкурса творческих работ и проектов в рамках масштабной краеведческо-исследовательской экспедиции «Туған елге тағзым» 2021 года. В целом командой NIS Taldykorgan было представлено восемнадцать работ в области информационных систем, науки и техники, изучения исторических памятников Казахстана и охраны окружающей среды.**

В категории «Біздің күшіміз бірлікте» ученицы 10 класса Альбина Арзенова, Нұрай Мухамбет, Тоғжан Құлжабай презентовали социальный проект «Игі бастама».

Ребята создали телеграмм – бот, который позволит оперативно находить информацию о нуждающихся в помощи людях и семьях по Алматинской области. Нажав на кнопку «start» бот уточняет, просите ли вы помощь, либо хотите наоборот оказать ее. Таким образом, ребята сумели упростить задачу поиска информации для двух категорий: благотворителей и людей нуждающихся.

- По нашим исследованиям в Алматинской области больше 300 тысяч семей нуждаются в помощи. В процессе изучения данной темы мы встречались с представителями благотворительных организаций, а также беседовали с некоторыми семьями. Наблюдения показали, что у нас много фондов, организаций, людей, которые оказывают помощь и которые нуждаются в ней, но нет единой площадки, где эта информация была ба систематизирована, - поделились своим мнением авторы социального проекта «Игі бастама».

Проект юных исследовательниц по итогам сетевого конкурса занял III место.

Индивидуальный проект «Youth» ученика 12 класса Юрия Ким в категории «Біздің күшіміз бірлікте» завоевал II место.

Youth это – творческое объединение креативных ребят, готовые нести свои идеи в массы, вносить вклад в развитие общества, продвигать волонтёрство и создавать совершенно новые проекты, способные поддержать и развить творческий потенциал каждого.

На данный момент творческая команда реализует три проекта: интервью с интересными людьми «WannaBe», Зоо-волонтерский проект «HomeGod», Волонтерский проект «Together».

По Зоо-волонтерскому проекту «HomeGod» ребята второй год строят будки бездомным животным, а также на протяжении семи лет носят им со школьной столовой оставшиеся порции еды.

- Мы - активная молодежь нашего города, которая хочет уже сейчас вносить свой вклад в развитие общества, путем создания различных волонтерских, образовательных и творческих проектов. Наша команда планирует развиваться, меняться и становиться лучше ВМЕСТЕ с молодежью, во благо процветания нашей страны, - рассказал Юрий в своем интервью.

Командный проект «Решение проблемы мусора» учениц 8 класса Интеллектуальной школы Аружан Мамыровой и Амины Қайратқызы был удостоен специальной номинации «Юный эколог».

По исследованиям Аружан и Амины по данным Всемирного банка ежегодно человечество производит чуть более 2 млрд тонн твердых бытовых отходов. На вопрос «Почему весь мусор не перерабатывается?» ребята нашли ответ - основная причина малой переработки мусора - это сложность процесса начальной сортировка мусора.

Для решения данной проблемы талдыкорганские разработчики предложили проект роботизированной конвейерной линии для сортировки мусора на основе физических свойств мусора, состоящей из нескольких роботизированных систем, каждая из которых будет отбирать только свой тип мусора. Ученицы составили таблицу физических свойств для сортируемых категорий мусора, на основании которой можно увидеть по каким физическим свойствам можно производить сортировку.

Например, фракцию бумаги можно отделать с помощью потока воздуха, создаваемого мощным вентилятором. Фракцию железа - с помощью электромагнита. Далее все остальные фракции будут попадать в воду, где фракция пластика будет всплывать, и таким образом отбираться. Оставшиеся отходы по планам ребят поступят на стол, где на основании электропроводимости будет определяться алюминий. Все остальные отходы, уйдут в секцию не перерабатываемых отходов.

Ежегодно на сетевом конкурсе творческих работ и проектов в рамках масштабной краеведческо-исследовательской экспедиции «Туған елге тағзым» ученики Назарбаев Интеллектуальных школ представляют сотни исследовательских работ.

**Пресс-служба НИШ г.Талдыкорган**



## Бейсенбі - Четверг, 21 қазан

### ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.25 Әнұран
06.05, 04.05 Д/ф «Дала өркениеті»
06.25, 10.00,13.00, 15.00,17.00, 20.00, 03.00 Aqparat
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.10, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
11.00, 19.00 «Тағдыр жалыны»
12.00, 21.30 Т/х «Аққауын»
13.10 «Qyzyq eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.10 Д/ф «Тұлға»
15.40 «Жан жылуы»
16.05, 23.30 «Қанатсыз құстар-2»
17.15 «Qyzyq eken»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
00.20 «PARASAT MAIDANY»
00.50 Футбол «Монако»
03.35 «Жан жылуы»

### ХАБАР

06.00 «Перекресток в Астане»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Елбасы. Тәуелсіздік жылнамасы»
10.45 Әсем әуен
11.15, 22.20 «Пәленшеевтер»
12.00, 21.30 Т/х «Қақпан»
13.00 Т/х «Бәсеке»
15.00 «Большая неделя»
16.00, 23.15 «Тот, кто читает мысли (Менталист)»
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
01.15 «Discovery: Как устроена Вселенная»

### АСТАНА

06.00 «Біздің ауыл»
06.30 Т/х «Алладин»
07.10 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.40, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.15, 23.30 Т/х «Жауынгер»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен сұлтан»
17.00, 17.30 «Жас қырандар»
17.50 Т/х «Ана»
20.00, 01.50 «Astana times»
01.20 «Оңай шаруа емес»
02.10 «Біреудің есебінен»
03.40 Күлпәштің хикаялары
04.00 Той жыры
04.30 «KazNet»
05.30 «Сырты бүтін»

### ЕВРАЗИЯ

06.00,04.05 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы таң, ҚАЗАҚСТАН!»
09.00 «Доброе утро, КАЗАХСТАН!»
11.00 Х/ф «Руские горки»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30,03.40 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 Главные новости
20.40 Т/с «Реализация»
01.10 «Однолюбы»
02.15 «Две судьбы-2»
03.25 «112»

### КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.20 «Журналист»
09.20 НОВОСТИ
10.00 «Было дело»
11.00 «Игра»
13.20 «Все могло быть иначе»
15.45 «Никогда не бывает поздно»
17.05 Т/х «Әулеттер тартысы»
18.50 «В формате VHS»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.50 «Все могло быть иначе»
00.20 «Игра»
02.00 «Никогда не бывает поздно»
02.45 «Астарлы ақиқат»
03.30 «Mamma mia»
04.10-04.40 Кешкі жаңалықтар

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Парасат»
10.30 «Бүгін»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісу батырлары»
13.00 «Ән тыңдайық»
14.00 «Әсем әуен»
14.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
15.00 «Спорт-тайм»
15.30 «Бір бала»
16.30 «Қазақ тілі»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Парасат»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Арманыма хат» концерті
22.40 «Әсем әуен»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

### 31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Әзіл студио
06.50 Информбюро
07.50, 05.30 Ризамын
08.50 Т/с «Жазықсыз»
10.20 «Жанкешті ханымдар»
13.00 «Құзғын»
14.00 «What's up?»
14.50 «Чужой»
17.10 Экстрасенсы-детективы
18.10 Х/ф «Обет молчания»
20.00 Информбюро
21.00 Т/с «Ворон»
22.00 «Паранойя»
00.10, 04.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
01.00 Кел, татуласайық!
03.00 Д/ф «В мире чудес»

### 7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00,17.40 «А у нас во дворе»
11.15, 19.30 «Балабол-2»
14.00 «Гудия»
16.00, 02.30 «Q-елі»
16.40 «Родком»
19.00 «Студия 7»
21.40, 03.10 «Ағайындылар»
23.00, 04.20 «Няня-мэн»
00.10 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
01.20 «Тайны госпожи Кирсановой»

## Жұма - Пятница, 22 қазан

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Дала өркениеті»
06.25, 13.00, 17.00, 20.00 Aqparat
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10 18.00 «Ғашықтық дерті»
11.00 «Тағдыр жалыны»
12.00 «Аққауын»
13.15, 17.15 «Қызық екен...»
14.00, 03.40 «Теледәрігер»
15.00, 03.25 «Заң және біз»
15.40 «Ғажайып әпке»
16.00, 21.30 «Қанатсыз құстар-2»
20.35, 02.50 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Жат Мекен»
00.25 «Қазақстан дауысы»

### ХАБАР

06.00 Т/х «Перекресток в Астане»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Елбасы. Тәуелсіздік жылнамасы»
10.45 Әсем әуен
11.15 «Пәленшеевтер»
12.00, 21.30 Т/х «Қақпан»
13.00 Т/х «Бәсеке»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00сериал «Тот кто читает мысли (менталист)»
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Үкімет».Премьера!
21.00 Итоги дня
00.15 «Discovery». Как устроена Вселенная.

### АСТАНА

06.00 «Біздің ауыл»
06.30 «Аладдин»
07.00 Т/х «Ұрланған Тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.40, 22.00 «Үзілген моншақ»
11.10, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
12.15, 23.30 Т/х «Жауынгер»
14.00«Алдараспан»
15.00 Т/х «Сүлеймен Сұлтан»
17.00 Т/х «Өрмек»
17.30 Т/х «Ана»
20.00, 01.45 «Астана times»
20.55 Loto 5/36
00.55Келіндер
02.30 «Q» travel
04.00 «Той жыры»
04.30 «KazNet»
05.30 «Сырты бүтін»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы таң -Қазқстан»
09.00 «Доброе утро-Казахстан»
11.00 «Русские горки»
12.00 «Жди меня Казахстан»
13.00 «112». Прямой эфир
13.15 «Пендемізой».
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көнеміз»
20.00 «Главные новости»
20.40 «Поле чудес»
22.05 сериал «Какой она была»
02.45 «112». Криминальные новости
03.05 «Две Судьбы-2»
03.50 «112»
04.30 «Той заказ»

### КТК

07.05,19.30,03.30-04.00 Кешкі жаңалықтар
07.30Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.40 Т/х «Журналист»
09.10 Новости
10.00 «Было дело»
11.00 «Игра»
13.20 «Все могло быть иначе»
15.45, 01.30«Никогда не бывает поздно»
17.00 Т/х «Әлеуеттер тартысы»
18.50 «В формате VHS»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.15«Дау-дамайсыз»
20.35, 02.50 «КТКweb»
21.00 Вечерние новости
21.40«Ты только верь»
02.15 «Дау-дамайсыз»
02.40 «КТКweb»
03.00 «MAMMA MIA»
03.30-04.00 Кешкі жаңалықтар

### ЖЕТІСУ

.......
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ұлт құндылығы»
10.30 «Сегодня»
11.00«Дәрігер кеңесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Әсем әуен»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
15.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
15.15 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Бүгінгі дін»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Спасая жизни»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Талқы»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

### 31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00, 20.00 Информбюро
07.50, 05.00 «Ризамын»
09.10 «Жазықсыз»
10.40 «Жанкешті ханымдар»
13.00 «Құзғын»
14.00 What's up?
14.50 «Чужой»
17.00 «Экстрасенсы-детективы»
18.00Х/ф «Паранойя»
20.00 Информбюро
21.00 «Ворон»
22.00 «Анаконда»
00.10, 04.00 Алдараспан, нысана, шаншар әзілдері
01.00 «Кел, татуласайық!»
03.30 «В мир чудес»

### 7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, Qazaqstan»
09.00, 15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00 «А унас во дворе»
11.15 «Балабол-2»
14.00 «Гудия»
16.00 Скетчком «Q-eli»
16.20«Пеле: рождение легенды»
19.00Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Шоу «Музыкальная интуиция»
21.40«Ағайындылар»

## Сенбі - Суббота, 23 қазан

### ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.25 Әнұран
06.05 «Дала өркениеті»
06.30 Aqparat
07.15, 03.20 «Сырлы сахна»
07.35, 02.50 «Күміс көмей»
08.25 «Әйел әлемі»
09.00«Хайди»
10.00, 18.00 Т/«Ғашықтық дерті»
11.00 «Тағдыр жалыны»
12.00 «Қазақстан дауысы»
14.00Әзіл әлемі
15.30 «Қыз отызға келген де...»
17.20 «Талпын»
20.00 «Мәселе»
20.40 «Қазақстан дауысы»
22.30 Т/х «Жат Мекен»
23.30 «Дон И»
01.40 «Мәселе»
02.25«Parasat maany»
02.55 «Заң және біз»

### ХАБАР

06.00 «Әзіл кеші»
07.30 «Өзін-өзі тану»
07.15 «Время»
09.00 «Tangy fresh»
10.00 XXI ғасыр көшбасшысы
11.00 «Қақпан»
14.00 «Приключения Итальянцев в России»
16.00, 23.15 сериал«KAZNEWS»
18.00 Мегахит «Предчувствие»
20.00 «Отыз жылдың ой-толғауы»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Хабарлас»
01.15«Discovery». Как устроена Вселенная.

### АСТАНА

06.00, 05.30 «Біздің ауыл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 05.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.40, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.10, 21.00 Т/х «Қара ниет -2»
12.15, 23.25 Т/х «Жауынгер»
14.00 «Келинка Сабина-2»
17.00 «Өрмек»
17.50 Т/х «Ана»
20.10 Үздік әндер
20.55 «Лото 6/49»
01.20 «Оңай емес»
02.30 «Q» travel
04.20 Той жыры
04.50 «KazNet»
05.30 «Сырты бүтін»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.00Т/х «Әйел сыры»
06.45, 04.25 «Той заказ»
07.25 «Той базар»
08.45 «Ұлы даланың мұрасы»
09.00 «Поле чудес»
10.20 «Фабрика грез»
10.45 «Вау, Казахстан!»
11.20«Алиби»
18.30 «Мама, маған дауыс бер!»
20.00 «Айна»
21.00 «Ассистентка»
23.00 «Шансон года»
02.05 «П@утина+»

### КТК

07.05 «Құдалар-2»
08.00, 03.30, 04.30«КТК –да Қабатов»
09.20 Новости
10.10 «Юмарина»
11.20 «Ты только верь»
15.30 «Аталар сөзі»
17.00«Ни за что не сдамся»
21.00 «Большие новости»
22.10 «Долгая дорого к счастью»
01.50 «Было дело»
02.40 «Аталар сөзі»
03.30, 04.30 «КТК –да Қабатов»

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ауылдағы ағайын»
10.30 «Бүгін»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісу батырлары»
13.00 «Спасая жизни»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Талқы»
14.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
15.00 «Сыралғы»
15.45 «Әкелердің әңгімесі»
16.30 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
17.00 «Өмір әні»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Бір бала»
19.20 «Әсем әуен»
19.30 «Безбен»
20.05 «Сильные духом»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Единый народ»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қазақстанда жасалған»
22.50 «Әсем әуен»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

### 31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.50 «Тамаша live»
07.20 «Информбюро»
08.30 «Села полетела»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Тәтті шоу»
10.30 What's up?
11.00 «Алладин»
12.00 «Лило и Стич»
13.00 «Красные туфельки и семь гномов»
15.00 «Анаконда»
17.00 «Анаконда-2: охото за проклятой орхидеей»
19.00 «Бегущий по лезвию 2049»
22.00 «Неге?»
23.30«Битва экстрасенсов»
01.30 «Тамаша live»
02.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
05.00 Ризамын

### 7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
07.00 «Айна-online»
08.00 «Япырай»
09.00, 15.00Т/х «Мэгелсіз сезім»
10.00 «Жұлдыздың жары»
10.30«Регина + 1»
11.40 Шоу «Орел и Решка»
12.40«Балабол-2»
16.00 Т/х «Барлау»
18.00Т/х «Тек қана қыздар»
21.00 Шоу «Маска», 2 сезон
23.00 «JaidarmanCup»
00.30 Х/ф «Новая полицейская история»
05.00 «Қуырдақ»

## Жексенбі - Воскресенье, 24 қазан

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Дала өркениеті» Д/ф
06.30 «Толағай»
07.30 «Көңіл толқыны»
08.00 «AQSAYYT»
08.20 Мәселе
09.00 «Хайди»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
11.00 «Тағдыр жалыны»
12.00 «Қазақстан дауысы»
14.00 «Валл-и»
15.30 Әбдіжаппар Әлқожаның концерті
17.20 «Әйел әлемі»
20.00 «APTA»
20.50 Көңілді тапқырлар алаңы
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 «Дон И»
01.40 «АПТА»
02.30 Әйел әлемі
03.05 «AQSAYYT»
03.30 «Ғажайып әпке»
03.55 «Ұлы дала өсиеті»

### ХАБАР

06.00 «Әзіл кеші»
07.00 «Самопознание»
07.15 Сериал «Время»
09.45 «Қақпан»
14.00 «Приключения Итальянцев в России»
16.00 сериал «KAZNEWS»
18.00 «Маска»
18.30 «Ән әлемі»
19.30 «Eco maken»
20.30 Мәжіліс.kz
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Большая неделя».
01.30 «Pro Sport»

### АСТАНА

06.00 «Біздің ауыл»
06.30 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
10.00 «TeleBingo»
10.25, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
12.00, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
13.10, 23.30 Т/х «Жауынгер»
14.50 «Тараз»
17.00 «Өрмек»
18.00 Т/х «Ана»
20.10 Үздік әндер
20.45 Аялы алақан
01.20 «Оңай емес»
02.30 «Q» travel
03.40 «Жұлдыздардың шеруі»
04.00 «Әзілстан» жасарын камера
04.20 «KazNet»
05.20 «Сырты бүтін»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.35 «Әйел сыры»
06.45 0, 04.20 «Той Заказ»
07.15 «Воскресные беседы»
07.30 «Мама, маған дауыс бер»
09.00 «Потомки великой степи»
09.20 «Тайны вокруг нас»
10.00 «Какой она была»
14.35 «Моя фамилия Шилов»
17.00 «Лучше всех»
18.50 «Добрый вечер Казахстан!»
20.00 «Грани»
21.30 «Ассистентка»
23.40 «Что? Где? Когда?»
01.15 «Вызов. Первые в космосе»
02.15«П@ytina+»

### КТК

07.05 «Әйел қырық шаңырақ»
07.50 «Бала дауысы»
09.00 «Юморина»
11.20 «Долгая дорога к счастью»
15.00 «Аталар сөзі»
19.00 «Еркекпін мен»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Нулевой цикл»
00.00 «Было дело»
02.00 «Аталар сөзі»
03.30-04.20 «Әйел қырық шаңырақ»

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.30 «Безбен»
11.05 «Бір бала»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Әсем әуен»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Сильные духом»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Единый народ»
14.30 «Қазақстанда жасалған»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
15.00 «Дәрігер кеңесі»
15.45 «Жетісу жұмбақтары»
16.15 «Қазақ тілі»
16.30 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
17.00 «Қазақ үні»
17.35 «Полицейская служба»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 «Спорт-тайм»
18.24 Аya райы
18.30 «Олжа»
19.05 «Ұлт құндылығы»
19.30 «Жүрек сөзі»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Сағындырған әндер-ай» 2017 HD концерті
00.05 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 Әзілдер күнделігі
08.00 «Тамаша live»
08.30 «Тәтті шоу»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00What`s up?
11.00 «Села полетела»
12.00 What`s up?
12.20 «Алладин»
12.50 «Лило и стич»
13.20 «Анаконда-2: охото за проклятой орхидеей»
15.30 Х/ф «Бегущий по лезвию 2049»
19.00 Х/ф «Большой солдат»
21.00 Х/ф «Перевозчик-3»
23.00 «Битва экстрасенсов»
01.30 «Тамаша live»
02.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
05.00 Ризамын

### 7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
07.00 «Япырай»
07.15«Jaidarman Cup»
09.00, 15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00 «Айна-online»
10.40 Х/ф «Тайны госпожи Кирсановой»
16.00, 03.15 К/ф «Махпейкер»
18.35 Х/ф «Пеле: рождение легенды»
21.00 Шоу «Музыкальная интуиция»
23.00 Х/ф «Разведка»
01.00 Х/ф «Рокки Бальбоа»
05.00 «Қуырдақ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

**МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ**

***ІРІ ҚАЛАЛАРДЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНДЕРІНДЕ БАЛАЛАР АЛАҢҚАЙЫНДАҒЫ ОЙНАП ЖҮРГЕН БҮЛДІРШІНДЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ БІР-БІРІМЕН ОРЫС ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕСЕДІ. БАРЛЫҒЫ ӨЗІМІЗДІҢ ҚАРАГӨЗДЕР. ОЛАР ЕГЕМЕН ЕЛ БОЛҒАНЫМЫЗҒА ШИРЕК ҒАСЫР ӨТКЕНДЕ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН БАЛАЛАР ЕДІ...***

# ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ КӨСЕГЕСІН

## қалай көгертеміз?!

Біздің елге жұмыс жасауға келген шетелдіктердің барлығы орыс тілін үйреніп келеді. Ірі кәсіпорын бизнесмендерін былай қойғанда базардағы саудагерлерге шейін. «Ялян» базары қытай ма, әлде дүнген бе, әйтеуір түсініксіз бір ұлттың жастарына толып кеткен. Барлығы тұрмыс техникасын сатады. Барлығы орысшаға судай. Қазақша түсінбейді. Керек етпейді.

Ірі қалалардағы әкімшілік жиналыстары түгелдей орысша өтеді. Қала маңындағы аудандардікі де. Бізде мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін білмей-ақ осы елде еш қысылмай өмір сүруге, жұмысқа тұруға, мемлекеттік қызметкер болуға, тіпті министр болып тұтас бір саланы басқаруға болады, керісінше орыс тілін білмесең айлығы аз жұмыстардың айналасында жүресің немесе қара жұмыстан ары аса алмайсың.

Бізде орыс тілін білмеу ұят, қазақ тілін білмеудің аса сөкеттігі жоқ, тіпті кейбіреулер үшін мақтаныш. Елдегі барлық мекемелердің қаржылық есебі, іс-шара жоспары, жоба-сметалық құжатнамалар, берілетін есептері т.б. түгелдей орысша.

Баяғыда қазақ тілінің көсегесін көгертпеген осы деп кеңестер одағын кінәладық, кеңестер одағының темір қамытынан құтылып тәуелсіз ел болғанымызға 30 жыл болуға таянғанда қазақшаны керек етпейтін тұтас бір буын қалыптасып үлгерді.

Бұл ұлттық трагедия деп байбалам салмай-ақ қояйын, бірақ бұл ұлттың тұтастығына төнуі мүмкін үлкен қауіп.

Осы күнде елдің иесі қазақтар (яғни ана тілін білетін қазақтар) қазақ тілінің болашағынан, көгеріп көктейді-ау деген баяғы үміті пәс тартқан. Шаршаған. Байбаламшылар шаршатты.

Елімізде қазақ тілінің проблемасы бар. Анығын айтқанда қазақ тілінің өзі проблема емес, қолдану аясының тарлығының қолдан жасалған проблемасы. Бұл проблемаға осы елдегі барлығымыздың үлесіміз бар. Сіз бен біздің де. Проблема шешілу керек. Даурықпай, дабырламай, эмоцияға салынбай сабырмен, салқынқандылықпен, байыптылықпен.

Ол үшін:

1.Терминология мәселесі.

Қытай тілі ағылшын тіліндей бола алмайды. Себебі барлығын қытайшалап алған. Дүние жүзіне ортақ ғылыми терминологияның барлығының қытайша баламасы бар. Қытай тілінің бүгінгі бел алып бара жатқаны экономикасының күрт өрлеуіне байланысты болып тұр. Ал экономикалық көрсеткіштер ол – құбылмалы дүние.

Терминология мәселесінде біз осы қытайдың артынан бара жатырмыз. Біз бәрін қазақшалаудамыз. Сондағы жанталасып, дәлелдегіміз кеп жүрген нәрсеміз қазақ тілінің сөздік қорының молдығы. Ешкім кедей деген жоқ, бай екеніне ешкім шүбә келтірмейді. Сонымен болды.

Якут тілінде қардың отыздан астам баламасы ғана бар екен, сол сонысымен орыстың жалғыз «снегінен» мықты болды ма? Жоқ. Демек тілдің мықтылығы сөздік қорының көптігімен емес, қолдану аясының көптігімен есептеледі.

Біз дүниежүзіне ортақ ғылыми терминдерді де қазақшалап болдық.

Интернетті ойлап тапқан біз емес, роботты ойлап тапқан біз емес, ендеше оларды қазақшалауға біздің моральдік құқымыз жоқ. Интернетті ғаламтор, роботты құлтемір, клавиатураны пернетақта дегеннен не ұттық. Қазақ тілінің көсегесін көгертеміз деп керісінше көрін қазып жатырмыз. Бұларды тастай қып біз енді қазақ даласында өмірі болмаған зебра, жираф, пума секілді жануарларға ауыз салыптық.

Оларды да қазақшалап жатырмыз. Нәтижесінде өз тілімізден өзге түгіл өзіміз безерге айналдық.

2000 жылдары Ақпарат және мәдениет министрлігінің бастамасымен тіл мамандары жасаған қазақ тілінің терминдерін бекіткен бірнеше томдық кітап жарық көрді. Осы кітапты біз басшылыққа алмайтын болдық, тіпті мүлде қолданбаймыз десек те болады. Керісінше, әрқайсымыз өз бетімізше қалаған сөздерді орынды-орынсыз пайдаланып, білгенімізді істеп жүрміз.

Адам ғылым мен білімге өз ана тілі арқылы келу керек. Кез келген тіл, ғылым мен жаңа технологияның тілі болғанда ғана дамиды. Қазақ тілі ғылым мен технологияның тілі болуға қауқары артығымен жетеді. Химиядағы оттегі, сутегі, көміртегі, тотығу, қанығу, физикадағы үдеу, кернеу, үйкеліс секілді сөздер қандай ұғынықты әрі жүрекке жақын. Біздер осыны да өзгертпесек жарар еді. Олай дейтінім биологиядағы клетка сөзі баяғыда жасуша еді, әбден құлаққа сіңісті боп кеткен осы сөзді торша деп өзгерттік. Белок – ақуыз болатын, тыныш отырмай оны нәруызға ауыстырдық. Меніңше бұл тілге жасалған қылмыс. Әдейі шатастыру. Қазақ баласы биологияны үйрене ме, жоқ әлде өзіндегі қырық құбылып тұрған терминдерді игере ме?? Ал еліміздегі қазақша оқығысы келетін өзге ұлт өкілдері ше?! Ғылым жолына түскен адам ақуыз бен нәруыздың арасында жүруге уақыты жоқ, термині тұрақты клетка мен белокты таңдайды, яғни түсінікті орыс тілін таңдайды, әрине.

Қазақ тілі алдағы уақыттарда өз тұғырына қонып, қолданыс аясын кеңейту жолындағы алғашқы қадам терминология мәселесін біржола қайта өзгерместей қып бекіту керек. Және дүниежүзі қолданатын ортақ терминдер сол қалпында қалуы керек. Сонымен қатар ТМД аймағына кеңінен қолданыстағы орыс тілі енгізген терминдерді де қазақшалағаннан тіліміздің көсегесі көгермесі анық.

Тіл – тірі организм. Оны жаһандану процесінен бөле қарауға еш болмайды. Аударуға болмайтын терминдер арқылы тіліміз шұбарланды деп ойлау үлкен қателік. Өзге тілдің терминдері арқылы тіл шұбарланбайды, керісінше байиды. Қазақ тіліндегі күнделікті қолданысында араб тілінің 20 пайыз сөздері қолданыста жүр. Одан тіліміз байымаса кедейленбеді. Орыстың самовар деген сөзін самаурын дегеннен қазақтың тілі шұбарланып кеткен жоқ. Ендеше терминология мәселесіне жаңашылдықпен һәм жанашырлықпен келу керек. Жанашырлық дегенде жоғарыда атап өткендей анасының баласын өбектеймін деп әлжуаз қып өсіргеніндей жанашырлық емес. Қазақ тілі таяу арада ғылым мен бизнестің тілі болатындай, әлемдік тілдер бәсекесіне еркін түсе алатындай жанашырлық.

2. Аудармa мәселесі.

Кез келген аударма, терминология біржола бекітілген соң жүргізілетіні анық. Терминология біржола бекітілген соң келесі қадам аударма саласы болуы керек. Ол үшін білікті мамандардан құралған білім және ғылым министрлігіне қарайтын мемлекеттік аударма комитеті іске қосылуы тиіс.

Тіл ғылым мен білімнің тілі болғанда ғана тұғырына қонады деп жоғарыда айттым. Ал біздің ЖОО-дағы студенттер үшін қазақ тіліндегі кітаптар әлі күнге тапшы. Әсіресе техникалық, энергетикалық оқу орындарында сапалы қазақ тіліндегі оқулықтар жоқтың қасы. Экономикалық-қаржылық оқу орындарында да осы проблема. Бар болса да түсіну қиын. Аударма өте нашар. Айталық Ф. Котлердің әйгілі «Основы маркетинга» кітабының қазақша нұсқасы түсінуге өте ауыр әрі қиын. Одан да орысшасын оқысаң түсініктірек. Тіпті, ауыл баласы үшін де.

Аударма комитетінің әуелгі жұмысы осы оқулықтарды аударудан басталуы тиіс. Ғылым мен білімге ұмтылған өскелең ұрпаққа өз тіліндегі сапалы оқулықтармен қамтамасыз ете алмаған елдің болашағы бұлыңғыр. Сонымен қатар өзі белсенділік танытқан ерікті аудармашылардың жұмысы аударма комитетінің комиссия сүзгісінен өтіп барып, жарыққа шығуы тиіс әрі аудармашыға еңбегі үшін ақы төленуі керек.

Ғылым мен білім, жаңа технология қашанда Батыстан келеді немесе Жапон елінен келеді. Осы аталған елдер жылына жүз кітап шығарса Ресей соның тоқсанын бірден аударып ала қояды. Сол тоқсанның тоғызы қазақ тіліне аударылатынына күмәнім бар. Біз аударма саласында Ресейден қалыспауымыз керек. Тым құрыса орыстар аударғанды қазақшалап отырсақ та әлемдік даму процесінен қалмай отырар едік.

Сонымен қатар елдегі бүкіл аударылуы тиіс дүниелердің барлығы оның ішінде әлем әдебиеті, кинемотография, мультипликация, тауарлардың нұсқаулығы, жарнама т.б. т.б секілді дүниелер аударма комитетінің мақұлдауынсыз жарыққа шықпағаны жөн. Ал аударма комитеті өз кезегінде Нұр –Сұлтан қаласындағы кіріп шығуы қиын көп ғимараттың бірі емес, қашанда есігі ашық, кез келген жұмысты үш күннің ішінде бітіріп беретін, керек болса телефонға мобильдік қосымша боп енетін мобильді мекеме болуы керек. Аударма саласында біріздiлік пен жүйелілік орнамай тілдің көсегесі көгермейді.

Сапалы, тілі шұрайлы аудармаларды қайдан табуға болады десеңіз көше кезіп жүрген «Иегова куәгерлері» секілді діни секталардың қолындағы қазақша кітап журналдарынан табасыз. Қандай тіл мамандары аударғанын білмеймін, бірақ қазақтың жалпақ та шұрайлы тілінің құдіреті сізді бірден баурап ала жөнеледі. Сөз жоқ өз ісінің мамандары, кәсіпқойларға аудартқаны көрініп тұр және тек кәсіпқойлықпен емес, шынайы жанкүйерлікпен әрі жанашырлықпен аударғаны анық. Біздің аудармашыларға жетпей жатқаны осы қасиеттер болып тұр.

Ғылыми технологиялық прогресс бір орында тұрмайды. Алдағы бес-он жылда тілмаштың да керегі болмай қалуы мүмкін. Әлемнің кез келген тілін қалта телефонындағы құлаққап арқылы бірден өз тіліңізде тыңдай беретін мобильдік қосымшалар шығады. Сол кезде қазақ тілі тағы да есесін жіберіп қоймау керек. Өз тілімізді тағы да түсінбей, амалсыз орыс тілі қолайлы ғой деп сол жерде орыс тілін таңдап тұрмас үшін қазірден бастап терминология мен аударма мәселесін бір жақты қылғанымыз жөн.

3. Филология

Қазақ тілінің болашағына шалағай терминші, аудармашылармен қатар мансапқор тіл мамандары, филологтар да өз халінше балта шауып бақты. Өздерінің жеке мүддесі мен бас пайдасын ана тілінен биік қойды. Ғылыми диссертация қорғау үшін, ғалым, профессор атану үшін қазақ тілін әбден иледі. Тіл саласында ай сайын жаңалық, жыл сайын өзгеріс.

Баяғыда «рахмет» еді, жабылып жүріп рақмет-ке өзгертті. Қыркүйек пе, қыргүйек пе? Нақты ешкім айтып берген жоқ. Ал енді Ботагөз бе, Ботакөз бе, Амангелді ме, Аманкелді ме, Айгерім бе, Айкерім бе? Осыны мен де білмеймін, қалың бұқара да білмейді, тіл мамандарының өзі екіге бөлініп дүдәмал.

Ал енді ойлаңыз, әлі күнге өз грамматикасын, емлесін нақтылап алмаған елден бейшара кім бар?!

Грамматикасының өзінде біріздiлік жоқ тілді кім үйренгісі келеді?! Кім құрметтейді, кім сыйлайды?!

Басты рөлдерде Мел Гибсон мен Шон Пенн ойнайтын «Игра разума» деген тарихи фильмді көрдім. Ағылшындар осыдан екі ғасыр бұрын тілін, сөздігін, ережесін, емлесін қаттап, шоттап, өзгерместей қып қатырып қойған.

Орыстарда жүз жылдан асты, грамматикасында өзгеріс жоқ. Ешкім жоқ жерден жаңалық ашып, ого-ны, ово деп жазайық деп басты қатырып жатқан жоқ, тұрақты.

Біздегі тіл саласындағы ғылыми жаңалықтардан өзіміз сауатсыз болуға айналдық.

Осы туған күнді, туылған күн деп бастаған филологтардың өздері ме деген күмәнді ой келеді, ол да ғажап емес.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Бізге тез арада қазақ тілінің грамматикасын, орфографиялық сөздігін қайта өзгерместей қып біржола бекітпей тілдің жағдайы түзелмейді. Ол бекітілген соң ешбір ғылыми жаңалыққа жол берілмеуі тиіс. Қазақ тілінің емлесін езе бергенді біржола доғару қажет.

4. Интернет және кино.

Тұтас қазақ тілді біздің әулеттің екі-үш жыл бұрынғы төлдерінің тілдері орысша шығып шалқамыздан түсірді. Қазақша тіпті сөйлегісі келмейді. Мәселенің мән-жайына үңілсек, кінә қалта телефондағы ютубта екен. Кінә ютубте емес, ата-анада, әрине. Баласына жаны ашыған ата-ана телефон бермейді. Көз жанары құриды, даму тежеледі, есте сақтау қабілеті дамымайды. Бұл әзірге анық нәрсе, болашақтағы психикасына қалай әсер ететінін уақыт көрсетеді. Бірақ, сіз бермейсіз, мен бермейін, 18 миллион халықтың барлығы баласына телефон бермей отыра алмайды ғой. Ал сол балалар телефоннан көретін дүниесінің барлығы түгел орысша. Ойнайтын ойындары, көретін мультфильмдері, мән-мағынасыз бейнероликтері, барлығы-барлығы орысша. Қазақша бір дүние табар ма екенсіз. Тапсаңыз да қызық емес.

Алдар көсе аюдың мазасын алатын Машамен тайталаса алмайды. Батыстың мультфильмдері туралы сөз қозғаудың өзі артық. Байқайсыздар ма, орыс тілі баланың миына бесіктен бастап шабуыл жасайды.

Ол шабуылға қалқан болар ертегі мен аңыз, жаңылтпаштар мен мақал-мәтел айтып отыратын ата-әжелерді қайдан табасың??

Бізге тым құрығанда сол толассыз шабуылды қазақшалау керек. Одан басқа еш амал жоқ. Бұларды қазақшалауға мемлекеттің өзі көмектесуі керек. Және де аударылатын дүниенің идеологиялық құндылығына қарамастан аудару керек. Қазақ тілінің мәртебесі үшін. Ал тілдің мәртебесі ол – ұлттық идеология. Бұл күнде адам іздегенін интернеттен табады.Гитара үйренгің келе ме, ютубты қара. Мотор жасағың келе ме, ютубты қара. Қандай да бір маңызды мәлімет керек пе, гуглды қара. Бәрі орысша. Осыдан кейін «орыс тілі біздің бақытымыз» – деген Сағынтаевтың сөзіне қосылмасқа амал жоқ.

Біз осы контентті толтыруымыз керек. Қалай? Қайтіп? Бұл тек мемлекеттің үлкен қолдауымен, ынталандыруымен ғана жүзеге асатын нәрсе. Өйткені мұның ар шетінде идеология тұр. Кино да дәл солай. Ресейліктер Голливудтың сценарийлері жазылып жатқанда-ақ келісім шартқа отырып, орысшаға аудара бастайды екен. Біз тегі олай пысық болмай-ақ қояйық, орысшаға аударылған дүниелерді солардың қыр соңынан қалмай бірден қазақшалап отырсақ, қазақ тілі әлдеқашан дамып кетер еді-ау.

5. Қазақ тілінің даму эволюциясы.

Қазақ тілі бизнес пен қаржының тілі болу керек. Бұл түпкі мақсат. Бұл мақсатқа сатылай кезең-кезеңімен жетпесе бірден қол жеткізу мүмкін емес. Ол үшін ең алдымен қаржылық, бухгалтериялық бағдарламаларды қазақшалау керек. Бұл жоқ дегенде тұрақты саясатпен 4-5 жылда шешілетін мәселе. Ол үшін қазақ тілді білікті программистерді көптеп дайындауға тиістіміз. Солар арқылы біз «1С» «Автокад» «АВС» секілді т.б бағдарламаларды қазақшалауымыз керек. Бизнесті жүргізетін бухгалтерлік, салықтық есептер, экономикалық болжамдар, жоба-сметалық құжатнамалар, іс-шара жоспарлары толық қазақшаланбай қазақ тілі тұғырына қона алмайды. Мұның өзі кезең-кезеңімен, шым-шымдап жасалынатын дүние. Бірақ айналасы 4 жылдың ішінде толық жүзеге асып бітуі тиіс жоба. Оған дейін елдегі мекеме атаулының барлығындағы іс-қағаздарын жүргізу толық қазақшалану керек. Бұйрықтар, хаттар, іс-шара жоспарлары, берілетін есептер толығымен қазақшаға өтуі тиіс. Сонымен қатар сот-процессуалды істер, ішкі істер протоколдары, медициналық сараптамалар, басқа да актілер тұтасымен қазақшаға өтпей болмайды. Мұның өзі әр түрлі салықтық жеңілдіктермен ынталандырылып һәм тиісті әкімшілік айыппұлдармен жазалай отырып, дабырлатпай ың-шыңсыз, тұрақтылықпен жүзеге асуы тиісті процесс. Ал әскери сала бір ғана бұйрықпен шешілетіні белгілі. Бұған қалай қол жеткіземіз?

Жыл сайын «Үздік қазақ тілді мекеме», «Қазақ тілге ұмтылысы үшін» деген секілді марапаттар, сыйақылар секілді ынталандыру шараларын көбейткен жөн. Ал сыйақылар мемлекет есебінен, ерікті қоғамдық қорлар мен меценаттардың көмегімен тағайындалады. Қазақ тіліне бет бұрып, қаржылық көмек көрсетіп жүрген ұйымдарға салықтық жеңілдіктер жасалуы керек.

**ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақ тілі проблемасы дегенде қоғам екіге жарылады. Қазақ тілі құрып бара жатыр деп даурығушы, байбалам салушы көзқарастағы топ. Қазақ тілі деген проблема жоқ, саяси ұпай жинау үшін жасалған өтірік даурығу десетін екінші топ. Шындық осы екеуінің арасында. Алғашқы топ нақты жоба ұсына алмады, себеппен емес, салдарымен күресіп кетті. Соңғы топ арқаны тым кеңге салып отыр. Арқаны кеңге салуға әсте болмайды. Біз екі бірдей астанамыздан, бөлен миллион гектар жерінен, ең киелі дүниелерімізден айырылған елміз. Айырылуға үйренген елміз. Кәзір нақты қимылдар жасамасақ ертең-ақ тілімізден айырыла салуымыз да ғажап емес.**

**Қазақ тілінің ендігі тағдыры атқарушы үкіметтің қолдауына тікелей байланысты боп тұр. Ендігі жерде әркім өзінен бастасын деген ұстаным жүрмейді. Ол ұстаным жүрмейтініне осы жиырма тоғыз жылда біржола көзіміз жетті. Бұл арада халықты кінәлауға еш болмайды. Жалпы кінәліні іздейтін уақыт емес.**

**Атқарушы үкімет қаржылық қолдау арқылы қазақ тіліне қолайлы орта жасап беруі тиіс.**

**Елдегі балабақшаның анықтамасынан бастап заң шығарушы органның заңдарына шейін тұтас орыс тілінде шығарып, құжатнамалардың бәрін орысша жүргізіп қара халыққа сен неге қазақша сөйлемейсің деп айтуға әсте болмайды. Жөйіттер әлдеқашан өліп қалған көне тілін тірілтті.**

**Біз түрік әлемінің ең тамырлы, ең шұрайлы тілін өз елінде өз тұғырына қондыра алмай отырғанымыз ұят!**

**Ұялып, уайымға салынып күңіреніп отыратын да уақыт өтіп кетті.**

**Тез арада үкімет тарапынан нақты әрекеттер керек!**

***Жәнібек ӘЛІКЕН,***
**«Ұлағатты Ұрпақ» қоғамдық қорының президенті.**

**КӨКЖИЕК**

# ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ОЙ-ӨРІСІН ДАМЫТУ

**Баланың ой-өрісін дамыту үшін ойынның маңызы зор екенін естен шығармауымыз керек. Ойын арқылы ол көптеген мәлімет алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.**

Тіпті, бала ойынның небір түрін ойнау арқылы білім алады. Ойын адамның өнертанымының алғашқы қадамы.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытып өсіретін әрі тәрбиелейтін де негізгі іс-әрекет – ойын. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен танысып, ой-өрісі дамиды. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым-қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана жауап беруге, қиялдауға, елестеуге қабілеттері қалыптасады. Сөздік ойындар балалардың есте сақтау қабілетін дамытады. Мәселен, үстел үсті ойындарды ұйымдастыруда домино, лото, мозайка, пирамида суреттер қолданылады. Мысалы: «Қандай ертегі?», «Суретті құрастыр» (ағашты, бидайды, гүлдерді), «Қандай затқа ұқсайды», «Бір сөзбен ата» деген ойындар баланың логикасын дамытып, есте сақтау қабілетін арттырады. Балабақшада мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда дидактикалық ойын ең маңызды құрал. Ойын арқылы білімді меңгертіп оны бекіту үшін дағды мен әдетті қалыптастыру қажет. Балабақшада жиі қолданылатын дидактикалық ойындарды атап өтсек, ойыншықпен ойналатын, үстел үстінде ойналатын, сөздік ойындар.

Әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ойындар іріктеленіп алынады. «Санамақ», «Он саусақ» өлеңдерін жаттатып, мазмұнын түсіндіру арқылы балалардың тілін, логикалық ой жүйелерін қалыптастыруға болады. Мысалы, «Санамақ ойыны» Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру, санға аты ұқсас заттарды танып біледі.

Ойын – балалар әрекетінің негізгі түрі. Сондықтан ол бала өмірінде тәрбие мен білім берудің шешуші шарты. Оны тиімді пайдалану оқу қызметінің әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, балалардың ынтасы мен қызығушылығын арттырады.

Біздің қызметіміз де, өміріміз де бала өмірімен өте тығыз байланысты. Тәуелсіз еліміздің жас ұрпақтарын білімді, жан-жақты дамыған, дені сау, рухани бай, жерін, ата-анасын құрметтейтін саналы азамат болып өсуіне бойымыздағы бар асыл қасиеттерімізді, білімімізді аямайық.

**Гүлжан ЖАТЫҚОВА,**
**«Ер Төстік» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі.**
САРҚАН АУДАНЫ

**БІЛІМ**

# XXI ҒАСЫР – АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ДӘУІРІ

***Информатика – жаңа технология жиындарын оқытады. Ақпаратты сақтап, өңдейтін ғылым жыл сайын өте жоғары деңгейде дамып келеді. Сондықтан да XXI ғасыр – ақпарат ғасыры деп айтамыз.***

Информатика ғылымы ақпарат алу, жіберу, өңдеу, сақтау, ұсыну процестерін зерттеумен қоғам өмірінің барлық саласында ақпараттық техника мен технология жасау, ендіру және тиімді пайдалану мәселелерімен шешумен айналысады. Мұндай ғылыми-техникалық прогресті әрбір адам білуге міндетті.Бүгінгі қоғамда болып жатқан күнделікті жағдайды біліп, әлемде орын алған түрлі оқиғалардан құлақдар болып, жан-жақты даму үшін де адамзатқа ең бірінші компьютерлік сауаттылық ауадай қажет. Қазір барлық жерде компьютер, интерактивті құралдардың көмегімен көп дүниелерді іске асыруға болады.

XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін мектепте барынша информатика пәнінен жан-жақты әрі терең білім беру мұғалімге артылған зор жауапкершілік.

Сонымен қатар, кейінгі жылдары білім беру саласында компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, интерактивті құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үдерісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру мәселелері басты назарға алынды. Мұндай мәселелерді шешу үшін әрың сауаттылығы жоғары болуы шарт. Жалпы, информатика пәні негізінен мынадай тақырыптарды қамтиды. Атап айтар болсақ, «Алгоритм», «программа» ұғымы, алгоритмдерді қарапайым тілде, блок-схема түрінде жазу. Оқылған тілде мәліметтерді сипаттау, программалар құру, оларды компьютерде орындау, әр түрлі операторларды жазу. Мұның барлығын мектеп қабырғасында оқушы біліп, санасына тоқып шығу тиіс.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Болашақтың бүгіннен де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімде ғана екенін ұмытпауымыз керек. Бүгін бой емес, ой жарыстыратын заман. Олай болса, ертеңгі елдің тізгінін ұстайтын білімді де білікті жастарды тәрбиелеу, болашақ мамандарды оқыту, оларға түзу жол көрсету біздің басты мақсатымыз екенін ұмытпайық.

**Амангелді СҰЛТАНҒАЛИ,**
**Шұбар орта мектебінің информатика пәні мұғалімі.**
КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СТАТУС ЖУРНАЛИСТА

# МИНИСТР ИНФОРМАЦИИ ПОДДЕРЖАЛА ИНИЦИАТИВУ О НАДЕЛЕНИИ ЖУРНАЛИСТОВ ОСОБЫМИ ЛЬГОТАМИ

**Министр информации и общественного развития Аида Балаева поддержала инициативу сенатора Нурторе Жусип о наделении журналистов особыми льготами, передает Orda.kz.**

Ранее на пленарном заседании сенаторы предложили предоставить работникам СМИ специальный статус, как у суда, прокуратуры, МВД, адвокатов и нотариусов, приняв закон «О статусе журналиста».

В депутатском запросе сенатор Нурторе Жусип сравнил количество полицейских и журналистов и их социальное положение. По его данным, в Казахстане на 100 тыс жителей приходится 445 сотрудников полиции. В мировом стандарте должно быть не более 300. Он отметил, что стражи порядка имеют определенные льготы и недавно их зарплаты снова значительно повысились. А количество журналистов по всему Казахстану составляет чуть более 4 тыс человек.

«Почему журналистам, непосредственно служащим делу страны и государственности, не создаются такие условия?» — задался вопросом сенатор.

Жусип также привел в пример исследование The Sunday Times, согласно которому вероятность возникновения стрессовых ситуаций у журналистов выше, чем у обладателей таких профессий, как военный летчик, таксист, пожарный.

В депутатском запросе отмечается, что некоторые чиновники не готовы отвечать на вопросы журналистов на профессиональном уровне.

«Воспрепятствование корреспонденту, осуществляющему профессиональную деятельность, означает лишение народа и государства возможности получать информацию. Ситуация в соседней России совсем иная. Введена специальная статья, согласно которой те, кто нарушил профессиональные обязанности журналистов те, кто напал на журналистов, будут заключены в тюрьму на срок до 6 лет», — привел пример Жусип.

Также он отметил, что дискриминации среди журналистов быть не должно, социальные гарантии нужно предоставить всем СМИ.

Министр информации и общественного развития Аида Балаева поддержала инициативу сенатора. Она заявила, что предлагаемые депутатом новеллы будут рассматриваться в новом законе.

«Бесспорно, правы те, кто считает, что журналисты должны иметь право на особые льготы и социальные гарантии, в том числе и на льготное жилье. Но действующие журналисты не должны являться ни госслужащими, ни бюджетниками, ни гражданскими служащими. Поэтому необходимо выработать точные критерии по определению четкого статуса журналиста, а уже потом прорабатывать механизмы по предоставлению льгот и социальных гарантий», — считает министр.

Она сообщила, что все эти вопросы рассматриваются в рамках нового проекта закона о массовых коммуникациях.

«В первую очередь, речь идет о расширении понятийного аппарата и вопросах о положении и статусе журналиста. И поскольку это будет закон, регулирующий работу всех средств массовой информации, его статьи будут применимы ко всем СМИ вне зависимости от форм их собственности. Отмечу, что проект закона будет широко обсуждаться со всеми заинтересованными сторонами», — заверила Балаева, отвечая на вопрос, не будет ли дискриминации в отношении частных СМИ.

ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ

**Как сообщает пресс-служба региональной палаты предпринимателей, вАлматинской области продолжаются курсы повышения квалификации для педагогов по «Основам предпринимательства и бизнеса».**

# БОЛЕЕ 2000 ПРЕПОДОВАТЕЛЕЙ

## Алматинской области повысят квалификацию по «Основам предпринимательства и бизнеса»

Национальной палатой предпринимателей РК «Атамекен» совместно с Министерством образования и науки РК с сентября 2019 года в школах, колледжах и вузах внедрен курс «Основы предпринимательства и бизнеса». Элективный предмет преподается в школах в 10-11 классах, в колледже для студентов 1 курса. В целях успешного внедрения предмета и соответствующей подготовки преподавателей для обучения учащихся ежегодно проводятся краткосрочные курсы. В текущем году повышение квалификации проходят 200 учителей школ и 39 преподавателей колледжей Алматинской области. Бизнес-тренеры Жанат Байбалакова, Кайсар Еркинбаев, Жанна Аманова и Зухра Идгеева делятся опытом с учителями основами финансовой грамотности, практическими навыками по реализации предпринимательского мышления, генерации бизнес-идей на уровне предпринимательской деятельности, технологиями по бизнес-моделированию.

«Обучение прошло на очень высоком уровне. Бизнес-тренеры помогли нам освоить азы тренинговой работы и узнать много нового о предпринимательстве. Я сама мама и прекрасно понимаю, что у нынешних детей особый интерес к бизнесу, предпринимательству. В этом смысле «Основы предпринимательства и бизнеса» соответствует современным запросам молодежи», – рассказала учительница №2 средней школы города Талдыкорган Меруерт Утегенова.

По данным Палаты предпринимателей Алматинской области, в настоящее время краткосрочные курсы по повышению квалификации прошли 179 преподавателей, до конца года будут обучены еще 60 человек.

«На уроках и лекциях преподавателям рекомендуется проводить в интерактивном формате, организовывать гостевые лекции и деловые игры. К слову, мы планируем областной курс бизнес-проектов среди школьников, где один из этапов конкурса будет проходить на площадке «Атамекена» с приглашением менторов, бизнес-ангелов и предпринимателей, которые будут обучать и помогать участникам в разработке проекта», – рассказала начальник отдела развития человеческого капитала РПП Алматинской области АлмагульОнгарбаева.

В целом по республике за два года «Атамекен» провел курсы повышения квалификации по основам предпринимательства для 5,2 тысяч учителей общеобразовательных школ, 1,7 тысяч преподавателей колледжей. В 2021 году третий поток обучения учителей пройдет с 27 октября по 12 ноября.

**Ш. ХАМИТОВ.**

ЗАКОН

# ЗАКОНОДАТЕЛЬНО ИСКЛЮЧАТ ТЕРМИН «ИНВАЛИД»

**Соответствующий законопроект представят в Парламенте на общественных слушаниях. Депутаты Сената разработали поправки в законопроект по улучшению качества жизни лиц с инвалидностью, в которых планируется исключить использование термина «инвалид». Об этом сообщил вице-министр труда и социальной защиты населения Казахстана Ерлан Аукенов, передает корреспондент zakon.kz.**

Законопроект предполагает такие нормы, как исключение дискриминационной терминологии «инвалид» на «лицо с инвалидностью». Предоставление семье, воспитывающей ребенка с инвалидностью, статуса «семья, воспитывающая ребенка с инвалидностью». Сегодня такой статус отсутствует. Предоставление бесплатной путевки на санаторно-курортное лечение одному из родителей или опекуну детей с инвалидностью. На сегодня эта мера законодательно не закреплена, — сказал Ерлан Аукенов на брифинге в СЦК.

Кроме того, законодательно будет внедрен механизм обязательной компенсации выплат работодателями из-за невыполнения квоты по трудоустройству лиц с инвалидностью.

По словам вице-министра, в ближайшее время соответствующий законопроект представят в Парламенте на общественных слушаниях.

Напомним, в Казахстане утвердили новые пособия. 23 сентября сенат принял соответствующие поправки в закон по вопросам социальной защиты отдельных категорий граждан.

По новым поправкам вводится пособие для лиц, осуществляющих уход за инвалидами первой группы, вне зависимости от причины их инвалидности. Наравне с пособиями по инвалидности будет выплачиваться дополнительная сумма в случае потери кормильца.

Позднее министр труда и социальной защиты населения Серик Шапкенов сообщил, что уже в ближайший месяц новые пособия начнут выплачивать.

ОБРАЗОВАНИЕ

# ДЕПУТАТ ОБЕСПОКОЕНА НОВЫМИ ПРАВИЛАМИ В ШКОЛАХ

**Казахстанские школьники вынуждены несколько часов подряд сидеть в одном классе, чтобы не заразиться. Депутат мажилиса парламента Жулдыз Сулейменова обеспокоена тем, что введенные в школах Казахстана ограничения могут отразиться на физическом здоровье детей, — сообщает Sputnik.**

Депутат напомнила, что казахстанские школы вернулись к традиционному формату обучения. При этом изменились санитарные требования к организации учебного процесса. Например, снизили количество учащихся — не более 25 человек в классе. Также внедрен принцип «один класс — один кабинет».

«Этот принцип заключается в том, чтобы ученик с момента прихода в школу и до конца учебного дня не покидал класс, не выходил на улицу в перерывах и на больших переменах. Не вредит ли здоровью детей принцип “один класс — один кабинет”? Дети не выходят на улицу, как раньше не играют, не могут вносить вклад в свое физическое развитие. Какие исследования проводились перед внедрением принципа “один класс — один кабинет”?», — задалась вопросом Сулейменова на правительственном часе в мажилисе с участием министра здравоохранения Алексей Цоя.

Глава Минздрава ответил, что с помощью этих требований ведомство хочет обезопасить учебный процесс.

«К сожалению, такой формат вынужденный, потому что выбирали либо обучение онлайн, либо учиться (в традиционном формате — Sputnik Казахстан). Все эти данные по ограничительным мероприятиям мы взяли из рекомендаций ВОЗ. Есть четкие рекомендации по организации учебного процесса, прям пошагово в ВОЗ расписали эти стандарты, мы придерживаемся», — добавил Цой.

Он отметил, что требование о нахождении внутри кабинета соблюдается «не везде».

«Местами сложно наших деток удержать, и они выходят в коридор. Стараемся, чтобы классы между собой не общались, даже большие перемены делаются с определенным интервалом для того, чтобы одномоментно большого количества детей не было», — продолжил министр.

Для того, чтобы это не влияло на физическое развитие детей, в школах советуют делать гимнастику. Рекомендуется проветривать помещения, проводить кварцевание кабинетов.

«Сейчас ставятся новые так называемые рециркуляторы, когда можно проводить очистку воздуха, пока дети находятся внутри. Во многих школах уже поставили такие аппараты, которые не поражают слизистую. Они закрытого типа и очищают воздух внутри системы», — заключил Цой.

КОРРУПЦИЯ

# СОЗДАНА СОЛИДНАЯ НОРМАТИВНО-ПРАВОВАЯ БАЗА

**Согласно 1 статьи Закона Республики Казахстан "О коррупции": «Под коррупцией в настоящем Законе понимается не предусмотренное законом принятие лично или через посредников имущественных благ и преимуществ лицами, выполняющими государственные функции, а также лицами, приравненными к ним, с использованием своих должностных полномочий и связанных с ними возможностей, а равно подкуп данных лиц путем противоправного предоставления им физическими и юридическими лицами указанных благ и преимуществ». То есть коррупция, прежде всего, это злоупотребление служебными полномочиями.**

Проблема коррупции превратилась в проблему международного масштаба, поскольку она присуща всем странам, независимо от их политического устройства и уровня экономического развития, имеет место и в демократических государствах с рыночной экономикой.Для нашей республики преодоление коррупции является одним из главных направлений государственной политики, приоритетность которого четко обозначена Первым Президентом – Елбасы Н. А. Назарбаевым.

В Казахстане с момента обретения независимости осуществлялись отдельные меры по борьбе с коррупцией, однако точкой отсчета здесь можно считать 1998 г., когда был принят первый Закон «О борьбе с коррупцией». На базе этого закона были разработаны и приняты: Государственные программы борьбы с коррупцией на 19992000 гг. и на 2001-2005 гг. Программные документы в наиболее систематизированном, обобщенном виде содержат те меры, которые были приняты и реализованы в рамках антикоррупционной политики. Издан ряд Указов Президента РК о борьбе с коррупцией, в том числе «О мерах по совершенствованию системы борьбы с преступностью и коррупцией» (2000 г.).

Таким образом, на сегодняшний день в Казахстане создана солидная нормативно-правовая база для борьбы с коррупцией: Закон РК «О борьбе с коррупцией», Указ Президента страны «О дополнительных мерах по усилению борьбы с преступностью и коррупцией и дальнейшему совершенствованию правоохранительной деятельности в РК», отраслевая программа по противодействию коррупции РК, Закон РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования борьбы с коррупцией».

**Нұрсұлтан ИБРАИМОВ,**
**старший судебный пристав**
**Алакольского районного суда.**

**Полосу подготовил Шора ХАМИТОВ.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАСЖАРҒАН

# ЖІГЕРІ ЖАСЫМАҒАН

**ЖҰМЫР ЖЕРДІ МЕКЕНДЕГЕН ҚАНША ЖАН БОЛСА, СОНША ТАҒДЫР БАР. ӘРҚАЙСЫСЫ ӨЗІНІҢ ШАМА-ШАРҚЫНША, МҮМКІНДІГІ КЕЛГЕНІНШЕ ТІРШІЛІК КӨШІНЕН ҚАЛМАУДЫҢ ҚАМЫМЕН ҚАРМАНЫП ҚАЛУДА. БІРАҚ ӨМІРДІҢ ТАБАН АСТЫНАН ҚҰБЫЛЫП, ТАҒДЫР ЖЕЛІНІҢ ҚАЛАЙ, ҚАЙ ЖАҚТАН СОҒАРЫ БЕЙМӘЛІМ. ТАҒДЫР БҰЙЫРТҚАН ЖОЛДАРДЫҢ САН ҚИЛЫ ИІРІМ-ИРЕКТЕРІН ЕҢСЕРГЕН ЖАН ҒАНА БИІК БЕЛЕСТЕРДІ БАҒЫНДЫРАДЫ.МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БОЛСА ДА ЖАНЫН АЯЗДАЙ ҚАРИТЫН ҚАЙҒЫСЫН ЖЕҢІП, ТҰЛА БОЙЫН ШИЫРШЫҚ АТҚАНДАЙ ҚАТАЙТЫП, БУЫН-БУЫНЫН БЕКІТІП, ЖАСЫП ҚАЛҒАН АРМАНЫН ЖАСАҢ ТАРТҚЫЗЫП ЖАТҚАНДАР ДА ЖЕТЕРЛІК. СОНДАЙ ЖАННЫҢ БІРІ – ТӘЖІҒАЛИ ХОДЖАМУРАТОВ.**

– Мен 1968 жылы Қарақалпақстан республикасында тудым. Жарық дүние есігін сау адамдардың қатарында аштым. Балалық шағым Өзбекстанда өтті. Мектепте оқып жүргенде спортты жаныма серік етіп, түрлі үйірмелерге қатыстым. Суда жүзу спортымен айналыстым. Тағдырдың жазуы болар, 1985 жылы 10 сынып оқып жүргенімде көлік апатына түсіп, екі аяғымнан бірдей зақым алдым. Екі жылдай қатарға қосыла алмай, ауруханада жаттым. Бұл мен үшін ауыр соққы болды. Өмірдің шаттығы мен қызығы денсаулыққа байланысты екенін балтырың сыздағанда білесің. Жалындаған жастық шағымда оң аяғым тіземнен, сол жақ аяғым жамбастан бүгілмей қалды. Қилы тағдырдың

қиындығын көрсем де морт сынбадым. Керісінше, ауруханадан шыққан соң оқуымды жалғастырдым. Сөйтіп білім ордасын құрдастарымнан екі жыл кеш тамамдадым. Мектепті бітірген соң мүмкіндігі шектеулі балалардың білім ордасына түстім, артынша тағы бір жоғары оқу орнын аяқтадым. Осылайша басқа салған қиындықты жеңіп шықтым. Білім алып, жетістікке жеткен сайын адам биікке ұмтылады екен. Әр қиындықтың артында бір жақсылық тұратынын білген соң менің өмірге деген құлшынысым артты. Жұмыс істей бастадым. Сөйтіп сау адамдардың қатарына қосылдым. Түнерген тірлік қанша тығырыққа тіресе де, бір рет берілетін өмірді көңілді сүру керек деп ойлаймын.

Жігері жасымаған қайсар жанның тағдырдың қиындығын жеңе білуі көпке үлгі. Ол сау адамдардың қатарына қосылды. Ал енді оның өмірлік жарын қалай жолықтырғанын, спортқа қалай келгендігін қайсар жанның өз аузынан ары қарай естиік.¬

– 1995-2001жылдар аралығында Қарақалпақстандағы мүгедектер қоғамдық бірлестігін басқардым. Гүлшат есімді сүйген жарымды жолықтырдым. Үйленіп алғашқы тұңғышымыз дүниеге келгеннен кейін, 2001 жылы Қазақстанға көшіп келдік. Қарасай ауданына қоныстандық. Қазақстанға келгеннен кейін көпбалалы отбасы атандық. Қазір 6 балам бар. Бір балам туабітті мүгедек болды. Бұл жолды өзім де өткерген соң, баламды спортқа бердім. «Қуат» қоғамдық мүгедектер бірлестігін ашып, қызу жұмысқа кірістік. Әрине спортпен шұғылдануды да ұмытқаным жоқ. Алғашқы жарысым 2003 жылы Алматыда мүгедектер арасындағы спартакиада болды. Бұл сында суда жүзу спортынан бақ сынадым. Міне, осы жарыстан кейін спортты жүйелі түрде қолға аламын деп шештім. Тынбай істелген жаттығу өз нәтижесін берді. 2003 жылы паралимпиада ойындарында қола жүлдегер атандым. 2007 жылы Талдықорғанда өткен паралимпиада ойындарында жүзудің төрт түрінен қатысып (100 метр еркін жүзу, 50 метр шалқалай жүзу, 100 метр брас және эстафета), барлығынан күміс жүлдегер атандым. Сол жылы орнымды жастарға босатайын деп, жүзуді қойып, ұлттық спортымыз тоғызқұмалақ ойынына ауыстым. Тоғызқұмалақтың басқа спорттық ойындардан айырмашылығы – ақыл-ойды дамытады. Бірақ, көп жастардың ұлттық ойынға қызықпайтыны қынжылтады. Сондықтан көбіне ардагерлер ойнауға мәжбүр. Тоғызқұмалақ ойыны ұмыт болмай, қайта жаңғырып, болашақ жас ұрпаққа тәлім болатын ұлттық тәрбие көзіне айналса деген ойдамыз.

Бүгінде тоғызқұмалақтан ҚР спорт шеберімін. 2011 жылы ел біріншілігінде топ жардым. 2013 жылы Таразда да сол жетістігімді қайталадым. 2014, 2015, 2017, 2019 жылдары жекелей сында ҚР чемпионаты мен спартакиадасында алтыннан алқа тақтым. Күні кеше Шымкент қаласында өткен ҚР 6-шы спартакиадасында жеңістің желкенін көтердім.

Халықаралық жарыстарда олжа салмадым. Өйткені, әлемде біздегідей емес, тоғызқұмалақ қатты дамымаған. Оның үстіне небәрі 30 елден ғана спортшылар келеді. Басқа мемлекеттердің де қызығушылығын арттыру мақсатында елімізден тек 2 спортшы ғана баруға рұқсат. Жүлденің бәрін біз ала берсек қалғандары тоғызқұмалақ ойынына қызықпайды ғой.

Сау адамдардың қатарында да жарысқа түсіп жүрмін. 2016 жылы ел чемпионатында жалпы командамен тоғызқұмалақтан 1-орын алдық. Бүгінде ардагерлер құрамында өнер көрсетемін.

2003 жылы аудандық мүгедектер қоғамдық бірлестігінде жұмыс істеп жүрген кезім. Мүмкіндігі шектеулі жандар арасында Қарасай спорттан соңғы орындарда жүретін аудандар қатарында болды. Әрине, бұл жаныма қатты батты. Сөйтіп Қарасай ауданынан команда жасақтасам деген ой келді. Мүмкіндігі шектеулі жандарды спортқа тартып, өзімше дайындай бастадым. Еңбегім еш кеткен жоқ. 2007 жылы облыстық спартакиадада Қарасай ауданының командасын облыстың чемпионы етіп шығардық. Кейіннен 2013 жылы «Жігер М» деген бөлек федерация аштық.

2016 жылы дене шынықтыру мамандығын тамамдап, 2017 жылдан бастап облыстық мүгедектерге арналған мамандандырылған спорт мектебінде жаттықтырушы қызметіне орналастым.

Бүгінде шәкірттерім жақсы нәтижелерге қол жеткізіп жүр. 8 халықаралық дәрежедегі спорт шеберлерін дайындап шығардым. Жуырда қол күрестен 4 балам Азия чемпионы атанды. Алғашқы жылдары облыста мүмкіндігі шектеулі спортшылар аз болатын. Әр ауданға 1 ғана жаттықтырушы беретін еді. Қазір Қарасайдың өзінде 3 бапкер бар. Бұрын спортшылардың орташа жасы 50 жас болған. Қазір де ардагер спортшылар көп. Десе де жаттығуға келетіндердің дені жастар. Келешекте әр спорт түріне бір бапкер болады деген сенімдемін. Облыс әкімі жағдай жасап жатқан соң Қарасай ауданында мүмкіндігі шектеулі жандардың спорты қарыштап дамып келеді. Мәселен, апта бұрын үстел теннисінен өткен ел біріншілігіне облыстан барған 18 спортшының 9-ы біздің ауданның өрендері.

Бұл Тәжіғалидың спорттағы жеңісі. Ендігі кезекте оның алдағы арман-мақсатын білуге асықтық.

– Алда жоспар көп. Ендігі мақсатым жастардан ел абыройын асқақтатқан чемпион шығару. Мүмкіндігі шектеулі жандарды спортқа тарту. Қоғамда төрт қабырғада отырған мүмкіндігі шектеулі қаракөздерімізге алға қарай қадам жасау қажет, қимыл-қозғалыс, спорт арқылы барлығын жеңіп шығуға болатынын ұдайы айтып келемін. Көшеде кемістігі бар адамдарды көрсем әрдайым салауатты өмір салтын ұстан деп жаттығу залына шақырамын. Тағдыр тәлкегіне түскен бір адамға үміт сыйлап, қолымнан келсе қол ұшын беру мені үлкен шаттыққа бөлейді. Сүрінгенге сүйеу, жығылғанға демеу болуға тырысамын.

Қорытынды: Кейіпкеріміз қилы тағдырдың қиындығын көрсе де мойымады. Күні-түні қайғы жұтып, күңгірт ойды көңілге қорек еткен жоқ. Керісінше өмірден өз жолын таба білді. Облыс намысын қорғап, биік белестерді бағындырды. Қазір шәкірт тәрбиелеп, жүріп-тұруы қиын жандарға қол ұшын беру үшін аянбай еңбек етуде. Ұлттық спортты ұлықтаған қайсар жанның бұл ісі көпке үлгі. Жетісуға жеңіс сыйлап жүрген спортшымыздың алдағы додаларына да сәттілік тілейміз.

**Айдар ҚАЛИЕВ**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ӨНЕРГЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАНДАР

# БАЛАЛАРЫМ – БАҚЫТЫМ

**Айжан БЕЛЕГОВА:** *«Отбасымызда – төрт бала. Үш балам осы «Мейірім» шығармашылық орталығындағы үйірмеге барады. Тұңғышымыз – ШАХНҰР, 10 жаста. Қаладағы №14 орта мектеп-гимназиясында оқиды. Сабақтан босаған уақытында компьютерде отырып анимациялық мультфильмдер жасап, сүйікті ісімен айналысады. Оның әр нәрсеге қызығушылығы басым. Қазіргі таңда бейнелеу үйірмесіне әрі каратэге қатысады. Орталықтағы бейнелеуден беретін ұстазы Айжан апайына рахмет. Сонымен қатар шығармашылық ұжымға да шексіз алғыс айтқым келеді. Жалпы ұлымның жетістіктеріне тоқталсам робототехникаға қатысып, конструктордан әр түрлі туындылар жасайды. Бос уақытында легомен әдемі ғимараттар, машина түрлерін жасағанды да жаны сүйеді.*

*Ал, ТОЛҒАНАЙЫМНЫҢ жасы сегізде. Ағасы – Шахнұр, артында екі інісі бар. Сабақтан босағанда үйдің тірлігіне көмектесіп, кішкентай бауырын қарасады. Барлық нәрсені байыппен, тыңғылықты жасайды. Қазіргі уақытта орталық бассейнге аптасына үш рет барып жүр, суда жүзгенді, сурет салғанды, би билегенді, гимнастикаға қатысқанды және ән айтқанды ұнатады. Сонымен қатар батик үйірмесіне қызығушылығы ерекше.*

*Әр сабақтан ерекше көңіл күймен келеді. Жеке жетістіктеріне тоқталсам, бірнеше байқауға қатысып бас жүлде, бірінші орын алды. Алты жасында «Пай-пай ару» байқауында бас жүлдені жеңіп алса, «Чудеса талантов» атты ковбой биін билеп, бірінші орынды қанжығасына байлады.*

*«Мейірім» – шығармашылық орталығындағы ұстазы Клара апайға аналық алғысымды айтамын. Жалпы, балалар шығармашылығын дамытуда осындай орталықтың ашылғанына шын қуаныштымын.*

*Ұлым – МАҒЖАН. Оның жасы алтыда. Балабақшада жүргенде тхэквондоға, биге қатысты. Қояндар биін билеп, республикалық деңгейде бірінші орын алды. Қазір қаламыздағы №14 орта мектеп-гимназиясында оқиды. Сабақтан тыс уақытында достарымен ойнайды, сүйікті істерімен шұғылданады, сурет салады. Қазір «Мейірім» шығармашылық орталығындағы бейнелеу үйірмесіне қатысып жүр. Бейнелеуге деген қызығушылығы ерекше. Сондай-ақ, каратэге, гимнастикаға қатысқанды, ән айтқанды ұнатады.*

*Үш баламның да осындай керемет орталыққа барып, өнерлерін ұштап жатқанына ризамын. Орталықтың директоры Гүлмира ханым мен оның ұжымына еңбектеріңіз жана берсін деймін».*

**Айжан ҚАЗБАНБЕТОВА:** *«Қызымның жасы алтыда. Есімі – Сезім. Ол қаладағы №14 орта мектеп-гимназиясының оқушысы. Кішкене кезінен гимнастикаға қатысып, ән айтқанды ұнатады. Ал, батик үйірмесіне деген қызығушылығы тіптен ерекше. Клара апайы мен «Мейірім» шығармашылық орталығының ұжымына айтар алғысым шексіз.*

*Балабақшада жүргенде жыл 12 ай ертегісінде тауықтың рөлін сомдап, жүлделі орын алды. Бос уақытында мультик көреді, сурет салады. Үйірмеде үйренген жұмыстарын қайталауды да ұмытпайды».*

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**

МАРАПАТ

# АРНАЙЫ ТӨС БЕЛГІ табысталды

**Биыл елімізде Республиканың медициналық қоғамдастығы – Н. Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығының 20 жылдығы аталып өтуде.**

Осыған орай, жуырда Нұр-Сұлтан қаласында медицина саласындағы травматология және ортопедия қызметіне елеулі үлес қосып келетін алтын қолды травматолог дәрігерлер «Травматология және ортопедияның дамуына үлес қосқаны үшін» арнайы төс белгімен марапатталды. Солардың қатарында, облыстық аурухананың директоры, PhD докторы, облысымыздың бас травматолог-ортопеді – Монгол Анарбек МОНГОЛХАНҰЛЫ да бар.

Медицина саласында, соның ішінде травматология және ортопедия қызметінде 15 жылдан бері үздіксіз еңбек етіп келетін А. Монгол осы жылдар аралығында қаншама адамды қауіп-қатерден сақтап, буын ауруларынан емдеп жазды. Сонымен қатар, рентгенологиялық әдістермен жарақатты емдеп диагноз қойып, травматология саласы бойынша жаңжақты ғылыми зерттеулер жүргізді.

Бүгінде ол медицина саласында ойып тұрып орын алатын, білімді де білгір травматолог дәрігерлерінің көшін бастап тұр. Өз ісіне шын берілген алтын қолды дәрігер көмегіне тек облысымыздың ғана емес, еліміздің әр аймағынан жүгінетін жандар көп. Ол қашанда алдына келген адамға көмек беруге, оның ауруын емдеп жазуға күш жігерін аяған емес. «Травматология және ортопедияның дамуына үлес қосқаны үшін» арнайы төс белгісі оның өз мамандығына деген адалдығын одан әрі арттырып, айқындап бергендей.

Әрбір емделушіні емдеп қана емес, бүкіл ұжымды айрандай ұйытып отырған үлкен жүректі, алтын қолды білікті басшыны қол жеткізген марапатымен шын жүректен құттықтап, ел алдындағы еңбегінің әрдайым елеулі бола берсін дейміз. Марапатыңыз құтты болсын, құрметті Анарбек МОНГОЛХАНҰЛЫ!

**Талдықорған қаласындағы облыстық аурухананың баспасөз қызметі.**

ПСИХОЛОГИЯ

# ТҮШКІРГЕНІҢІЗ СІЗ ТУРАЛЫ АЙТЫП БЕРСІН

***АҚШ-тағы Алан Хирш (Alan Hirsch) есімді невропатологтың түсіндіруінше, түшкіру күлкіге ұқсас нәрсе. Бір адамдар бар дауысымен түшкіріп жатса, ендігі бір адамдар тыныштықтың аурасын сақтап қалуға тырысады.***

Осы тұста түшкіру стилінің бала жастан бойда сақталып, адамның жалқы қасиеттерін жұмбақтап тұратынын айта кеткіміз келеді.

Түшкіру мәні

Хирштың түсіндірмесімен астарлар болсақ, біз түшкірген кезде ерекше сезімге бөленеміз.

Егер сіз ұстамды болсаңыз, онда түшкіруді баса алasыз. Ал егер өмірді құлай сүйген әрі ләззатқа құмар жандардың қатарынан саналсаңыз, әрине, онда бар даусыңызбен және қай жолығадай қатты түшкірмексіз.

Біздегі мұрын және бет-сүйек түзілімі белгілі бір жағдайда түшкіру стилін анықтап беретін болып отыр. Бұл біздегі дауысқа өз анатомиямыз әсер етеді деген сөз.

Мамандар белгілі әрі орнықты 4 бірдей түшкіру стилін мысалға алады:

– Егер сіз бір мәрте ғана түшкіріп және артқа айналар болсаңыз, онда жағымды адамдардың қатарынан екенсіз және сіз өте мейірбансыз, әрқашан көмек сұрағанға қол ұшын беретін және өзгелердің қамын ойлайтын қайырымды жансыз.

– Егер сіз бар даусыңызбен және бірнеше рет түшкірсеңіз, онда белді де беделді адамдардың қатарынан саналасыз және бір жаманы, көп нәрсеге аса мән бере бермейсіз әрі жеке басыңызға қатысты майда-шүйде проблемаларға өзгелердің бас қатырғанын мүлдем жаратпайсыз.

– Егер сіз түшкіру сәтінде ұстамды болғыңыз келіп, алайда, оның сәтсіз шығып, нәтижесінде ащы, қатты әрі жылдам «түш» шығар болсаңыз, сіз батылсыз, кез келген істе белсендісіз және артық сөйлемейсіз. Өзгелер өзіңіз ойлаған сенім үдесінен шыға алмай жатқан жағдайда, көңіліңіз бұзылады.

– Егер сіз әрқашан мұрынды жауып және түшкіру сәтінде бетораmал тұтынатын болсаңыз, онда сақ әрі тақуа пейілді, терең ойлайтын жан болғаныңыз.

massaget.kz

# КӨҢІЛ АЙТУ

«Алматы – Болашақ» АҚ филиалы Офсет баспаханасы мен «Алатау» қоғамдық-саяси газетінің ұжымы әріптесіміз белгілі айтыскер ақын, «Алатау» газетінің бас редакторы Айтақын БҰЛҒАҚОВҚА ағасы

**Айып Мұхамәдиұлы БҰЛҒАҚОВТЫҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 1009
Индекс 15534